



### АҚОРДА

## ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛІК ЦИФРЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Alem.ai battle және AI Governance Cup байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Президент елімізде қоғамның барлық саласын қамтыған ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанына тоқталды.

– Наурыз айында Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл, ең алдымен, еліміздің келешегі үшін өте маңызды және тарихи қадам болды. Азаматтарымыз, әсіресе жастарымыз мұны жақсы түсінеді. Олар республикалық референдумға белсене қатысып, Ата заңды қолдап, дауыс берді. Жұртымыз бір қоғам болып жауапкершілік пен

отаншылдық рухының озық үлгісін көрсетті. Тұғырына қонған жаңа Конституцияда халқымыздың бірегей болмысы, басты құндылықтары мен биік мақсаттары көрініс тапты. Бүгін осы жиынға ел жастары, білімді, білікті, зияткер азаматтар қатысып отыр. Мен сіздерді Қазақстанның жарқын болашағы деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

## АЛЕМ.АІ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев AI экожүйесін дамытуға арналған негізгі алаң саналатын Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығын аралап көрді.

Орталықта жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламалары жүргізіліп, стартап-бастамалар мен басқа да қолданбалы шешімдердің енгізілуіне жағдай жасалады.

Іске асырылып жатқан жобалар ЖИ технологиясын мемлекеттік секторда, бизнесте және күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы, Орталық Мемлекет басшысының Қазақстанды технологиялық, заманауи және бәсекеге қабілетті елге айналдыруды көздейтін стратегиялық бағдарын орындау мақсатында құрылған.

Президент Орталықты аралау барысында Astana Smart City жобасының іске қосылғанына куә болды. Бұл – интеллектуалды қала инфрақұрылымының жаңа буынын қалыптастыратын маңызды бастама. Presight.AI компаниясының бас директоры Томас Прамотедхам қала жүйелері мен деректерді нақты уақыт режимінде біріктіретін бірыңғай AI-платформаны, сондай-ақ оның шаһарды басқару тиімділігін арттыру барысындағы қолдану мүмкіндіктерін таныстырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар білім беру бастамасын іске қосу рәсіміне қатысты.

Президенттің тапсырмасымен 2024 жылы Astana Hub жанынан Tomorrow School жасанды интеллект мектебі құрылған болатын. Енді оның табысты тәжірибесі ел көлемінде таратылмақ.

Мемлекет басшысы телекөпір арқылы 14 өңірдегі Tomorrow School



мектептерінің желісін ашты. Бұл мектепте көмелет жастан асқан, соның ішінде ақпараттық технология саласына жаңа қадам басқан азаматтар тегін білім алады.

Тағы бір білім беру алаңы – цифрлық және шығармашылық дағдыларды меңгергісі келетін 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған TUMO Astana креативті технологиялар орталығы. Мұнда генеративті жасанды интеллект, бағдарламалау, ойын ойлап табу, анимация, 3D-модельдеу, роботты техника, киноөнім және цифрлық музыка секілді 11 техникалық және креативті бағыт бойынша білім беріледі.

Бұдан бөлек, Президентке AI Research University тұжырымдамасы таныстырылды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, зерттеу университеті Alem.ai базасында орналасады. Студенттер alem.cloud, AlemLLM секілді ұлттық жасанды интеллект инфрақұрылымын және Astana Hub ресурсын пайдалана алады. Оқу үдерісін биыл 1 қыркүйектен бастау жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық турниріне дейінгі кері санақты интерактивті форматта іске қосты. Фиджитал-атлеттер арасындағы дода Астана қаласында 29 шілде мен 9 тамыз күндері аралығында өтеді.

Мемлекет басшысына отандық CryptoPay жүйесін пайдалану арқылы Қазақстандағы алғашқы криптовалютамен төлеу үрдісі көрсетілді.

### ЭКОЛОГИЯ: САММИТ САБАҚТАРЫ

Мамандардың дерегінше, соңғы жарты ғасырда әлемдегі аң-құс популяциясы 69 пайызға қысқарған. Саммитте Биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияның атқарушы хатшысы Астрид Шомакер жануарлар мен өсімдіктердің 1 млн-дай түріне жойылу қаупі төніп тұрғанын хабарлады.



→ 5

### ӨНЕР ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРАСЫМ



Іс-шарада Мәскеу мемлекеттік академиялық «Гжель» би театры, Дағыстанның еңбек сіңірген академиялық «Лезгинка» би ансамблі және Қалмақия мемлекеттік «Ойраты» би театры өнер көрсетті.

→ 16

## АҚОРДА

25 СӘУІР 2026 | СЕНБИ

# ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛІК ЦИФРЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛУЫ КЕРЕК



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы озық ойлы жастар елімізді биік белестерге бастап, ұлтымыздың мерейін өсіретініне сенім білдірді.

— Халық Конституциясы — өскелең ұрпаққа жол көрсететін темірқазық. Жана Ата заңымыз — Әділетті Қазақстанның мызғымас тұғыры. Заң мен тәртіп қағидаты мемлекетіміздің өзегіне, ұлт санасының арқауына айналды. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы халқымыздың туған жерге, тұмса табиғатқа деген қамқорлығын күшейтті. Елімізде қоғамдық маңызы бар жұмысты міндет емес, қастерлі парыз санайтын нағыз жанашыр азаматтар көбейді. Біз оларды еріктілер немесе волонтерлер деп атаймыз. Міне, осы құндылықтардың бәрі де Халық Конституциясының преамбуласына арнайы жазылды. Мемлекеттің басты байлығы — адам. Сондықтан адам капиталын дамыту конституциялық міндет ретінде айқындалды. Бас құжатта еліміздің ғылым мен білімге, инновацияға басымдық беретіні нақты көрсетілді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлемнің аса жоғары жылдамдықпен дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, қазіргідей құбылмалы, дүрбеленге толы заманда бәсекеге қабілетті ел болып, көш соңында қалмай, өркениетті елге сай өсіп-өркендей беру қажет.

— Елімізде осы бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жаңа технологияларды енгізу үшін заңнамалық негіз жасалып, Цифрлық кодекс қабылданды. «Жасанды интеллект туралы» Заң күшіне енді. Таяу арада Қазақстанның цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Бәріңізге белгілі, биыл елімізде — «Цифрландыру

және жасанды интеллект жылы». Сондықтан алдымызда әлі де көп жұмыс бар. Ширақ қимылдап, тұтас қоғам болып табанды еңбек етуіміз керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы тәсілдерді үнемі жаңартып отыруды талап ететінін атап өтті.

— Есептеуіш инфрақұрылымын ілгерілету маңызды бағыт болып қала береді. Суперкомпьютер кластерінің іске қосылуы еліміздің технологиялық дербестігін нығайтудағы айтулы уақиға болды. Келесі мақсат — елімізде Деректерді өңдеу орталығы алқабын құру. Аталған ауқымды жобаны іске асыру жаңа инвестиция тартуға және өңірлік цифрлық хаб ретіндегі позициямызды күшейтуге мүмкіндік береді. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі саналады. Бұл мемлекеттік басқару жүйесінен бастап креативті индустрияға дейінгі салаларды қамтиды. Жазда Астанада «Болашақ ойындары» өтеді. Дәстүрлі ережелер мен киберспортты ұштастыратын жарысқа әлемнің 50 елінен мыңға жуық спортшы қатысады. Жаңа спорт түрі озық технологияларды күнделікті тұрмысқа жедел бейімдеуге, ең бастысы, жастар арасында спортты насихаттауға жол ашылды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, күзде Қазақстанда Astana AI Film Festival атты тағы бір маңызды халықаралық байқау ұйымдастырылады.

— Бұл креативті индустрияның дамуындағы іргелі өзгерістерді көрсететін жаһандық деңгейдегі алғашқы іс-шара болмақ. Жасанды интеллект шығармашылық табиғатына түбегейлі бетбұрыс әкеледі, өзін танытудың жаңа формаларын ашады әрі таланттар-

дың алдынан шығатын кедергілерді азайтады. Қазақстан осы жаһандық жанашылдықтардың бел ортасында болуға ұмтылады. Сонымен қатар жасанды интеллект әсерінен креативті индустрия жойылады, қазіргі күйінде сақталмайды деген пессимистік болжамдарды ескеру керек. Сондықтан барлық үрдісті бақылап, өзгерістерге дер кезінде бейімделу қажет. Фестивальді ұйымдастыру Қазақстанды халықаралық ар-



надағы инновациялар мен жасампаз бастамалар орталықтарының бірі ретінде көрсету үшін өте маңызды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру және жасанды интеллектті жаппай енгізу үдерісі ауқымды өзгерістерге жол ашқанын айтты.

— Сондықтан біз азаматтардың әлеуетін арттыруға, оларға цифрлық дағдыларды үйретуге баса мән беріп отырмыз. Бүгінде 650 мыңнан астам студент AI Sana бағдарламасымен білім алып жатыр. Алдағы уақытта жасанды интеллект және deeptech-технологиясына қатысты тағы да 100

мың маман даярлауымыз керек. Биыл елімізде жаңа үлгідегі технологиялық білім ордасы — Жасанды интеллект университеті ашылады. Бұл ғылым саласы үшін маңызды оқиға болмақ. Енді алдымызда тұрған өзекті міндет: біз осы салада білікті маман даярлау ісіне ерекше көңіл бөлуіміз керек. Дарынды жастарды тартып, оларға сапалы білім беру қажет. Сондай-ақ келешегі зор технологиялық жобалар мен компанияларға қолдау көрсету айрықша маңызды. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесі де еліміз үшін тиімді болары анық, — деді Мемлекет басшысы.

Бүгін екі байқаудың жеңімпаздары марапатталатынын жеткізген Президенттің айтуынша, ұшқыр ой мен терең білім сынға түсетін мұндай додалардың берері мол.

— Мазмұнды әрі тартысты жарыстар арқылы жанашылдық, ізденімпаздық, жасампаздық құндылықтары кеңінен дәріптеледі. Қоғамда жаңа технологиялық мәдениет қалыптасады. Alem.ai battle сайысына мектеп оқушылары, студенттер, жас ғалымдар және IT саласының мамандары қатысты. Олар өзара тәжірибе алмасып, бір-біріне қолдау көрсетті. Байқау аясында дарынды азаматтарымыз денсаулық сақтау жүйесі, білім беру саласы және жасанды интеллект модельдерін үйрету мәселесіне қатысты инновациялық

атап өтуге болады. Мұның бәрі идея немесе пилоттық жоба деңгейінде қалып қоймауы керек. Негізгі мақсат — озық идеялар мен бастамаларды мемлекеттік құрылымдардың қызметіне кезен-кезеңімен енгізіп, жұмыстың тиімділігін арттыру. Осыған баса назар аудару қажет. Осындай беделді байқауларда жүлделі болу — шын мәнінде, үлкен жетістік. Сіздердің жеңістеріңіз — үздіксіз ізденіс пен табанды еңбектің жемісі екені сөзсіз. Бәріңізге шынайы ризашылығымыз білдіремін. Мемлекет жанашыл, жасампаз азаматтарға зор үміт артады, әрдайым қолдау көрсетеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект саласындағы alem.ai battle ұлттық байқауы мен мемлекеттік органдар арасындағы AI Governance Cup байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

alem.ai battle жарысының жеңімпаздары төрт аталым бойынша анықталды:

— AI Young Talents — ағзадағы глюкоза мөлшерін инвазивті емес тәсілмен анықтайтын SuGuard жүйесі;

— AI Driving Power — мұғалімдердің жұмысын автоматтандыруға арналған Ustaz AI шешімі;

— AI Innovators — ЖИ арқылы қатерлі ісікті ерте кезеңде анықтауға арналған Robio диагностикалық қолғабы;

— Future Builders — ЖИ-модельдерін үйретуге қолданылатын сапалы деректерді жинауға және қалыптастыруға арналған NS-SPEECH стартап сервисі.

Үздік ЖИ-шешімдер байқауында мемлекеттік органдар арасынан Ішкі істер министрлігі («AI Қауіпсіздік» аталымы бойынша), Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі («AI Экономика»), Астана қаласының әкімдігі («AI Әлеуметтік саясат»), Ақмола облысының әкімдігі («AI Өңір»), Қарағанды облысының әкімдігі («AI Азаматтарға қызмет») және KEGOC АҚ («AI Квазимемлекеттік сектор») топ жарды.



## ТРАНЗИТ – ТАБЫС КІЛТІ

Парламент Сенатында еліміздің транзиттік әлеуетін дамыту тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтті. Іс-шарада барлық мүдделі тараптың өкілдері бірыңғай көлік-логистика саясатын қалыптастыру жолындағы бірлескен жұмыс барысын және осы бағыттағы тың тәсілдерді пысықтады.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық тауар экспорты үшін қауіпсіз әрі тұрақты бағыттар қалыптастыруды міндет етіп жүктегенін айтты. Сондай-ақ Сенат Төрағасы елдің транзиттік әлеуетін толық іске асыру үшін жекелеген жаңғырту шараларымен шектелмей, заманауи сын-қатерлерге төтеп беретін бірыңғай стратегия әзірлеу қажет екенін атап өтті.


«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Еуразия құрлығында транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтып, толыққанды көлік-логистикалық державаға айналуға тиіс екенін үнемі айтып келеді. Транзиттік мүмкіндіктеріміз жоғары болғанына қарамастан инфрақұрылым, сервис сапасы, рәсімдердің жылдамдығы бойынша мәселелер бар екені жасырын емес. Сондықтан қазір жекелеген жобалар жиынтығы емес, бірыңғай ұлттық транзиттік жүйе қажет. Соңғы бес жылда көлік-логистика кешенін және транзиттік әлеуетті дамытуға 13,5 трлн тенге қаржы және инвестиция салынды. Алдағы уақытта осы және өзге де шаралар нақты нәтижесін береді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата Спикері Таяу Шығыстағы жағдайдың шиеленісуі Еуразия арқылы өтетін сенімді бағыттарға деген сұранысты арттыра түскеніне назар аударды. Мұндай жағдайда Қазақстан мүмкіндікті жай ғана пайдаланып қоймай, жедел әрекет етіп, өз дәліздерін тұрақтылық пен жылдамдықтың эталонына айналдыруға тиіс. Осыған байланысты «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізі мен Транскаспий бағытын жаңғырту және транзиттік үдерістерді цифрландыру мәселелеріне баса мән берілді.

Тыңдауға қатысушылар теміржол, автомобиль жолдары және порттық желілерді кешенді түрде дамыту қажет екеніне де кеңінен тоқталды. Бұл бағытта жаңа учаскелерді іске қосу, инфрақұрылымдық шектеулерді жою және шекаралық өткізу бекеттерін жаңғырту маңызды басымдықтар ретінде айтылды. Сарапшылар көлік түрлерінің барлығы бір-бірінен қалыс қалмай, үйлесімді түрде дамуы қажет екенін тілге тиек етіп, осы салаға қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

Парламенттік тыңдауда еліміздің Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев және Дүниежүзілік банктің көлік жөніндегі аға маманы Ирина Ли баяндама жасады. Сондай-ақ іс-шараға Энергетика министрлігінің, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің, Жоғары аудиторлық палатаның, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басшылығы мен өкілдері, сонымен бірге қоғамдық және өңірлік ұйымдардың сарапшылары қатысты.

## АЗАМАТТАР ТАБИҒАТТЫ САҚТАУҒА МІНДЕТТІ



Мәжіліске Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Парламенттік Ассамблеясының төрағасы Пере Понс бастаған делегация келді. Палата Спикері Ерлан Қошановпен кездесуде тараптар парламентаралық өзара іс-әрекетті нығайту және экология мәселелерін талқылады.

Қонақтарды қарсы алған Мәжіліс Төрағасы Пере Понстың Астанаға сапары ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясымен өзара іс-әрекетті талқылау үшін тамаша мүмкіндік екенін атап өтті. Сондай-ақ ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының делегациясы белсене қатысқан Өңірлік экология саммитінің маңызды қорытындыларына тоқталды.

Ерлан Қошанов Қазақстан Президентінің БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру жөніндегі бастамасын қолдағаны үшін Ассамблея басшысына алғыс айтты. Палата Спикері саммит барысында қабылданған Орталық Азиядағы экологиялық ынтымақтастық жөніндегі Астана декларациясы мен басқа да бірқатар маңызды келісімдер ортақ экологиялық күн тәртібін қалыптастыруға елеулі серпін беретініне сенім білдірді.

– Бүгінде Орталық Азия Аралдың тартылуы мен Каспийдегі су деңгейінің таяздануы секілді ауқымды экологиялық проблемаларға тап

болып отыр. Климаттың өзгеруі, шөлейттену, су тапшылығы, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері қазіргі экологиялық дағдарысты ушықтыра түсуде. Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ агенттігі ретінде қызмет ететін Халықаралық су ұйымын құру жөніндегі бастамасының өзектілігі анық, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы Пере Понсты Қазақстандағы саяси реформалар мен жаңа Конституцияның басты қағидалары туралы хабардар етті. Ол Ата заңда экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің жауапкершілігі бекітілгеніне назар аударды. Бұл ретте азаматтар табиғатты сақтауға, табиғи байлықтарға ұқыппен қарауға міндетті.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов Қазақстан қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы дәйекті түрде реформалап келе жатқанына тоқталды. Мәселен, 2021 жылы Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар

кенесінің қолдауымен әзірленген жаңа Экологиялық кодекс қабылданды. Бүгінде елімізде жоғары экологиялық мәдениет қалыптасуда. Оған Мемлекет басшысының бастамасымен бүкіл ел бойынша миллионнан астам еріктіні біріктіретін «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық экологиялық қозғалысы үлкен серпін беруде.

Өз кезегінде Пере Понс Қазақстанды референдумның сәтті өтуімен және жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтап, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан барлық өзгерісті құптауын атап өтті.

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының төрағасы Өңірлік экология саммитінің қорытындыларына жоғары баға беріп, экология, көлік, логистика, орнықты даму мәселелерінде Орталық Азия өңірінің елдерімен одан әрі ықпалдастықты күшейтуге шақырды.

Кездесу барысында тараптар терроризм, киберқылмыс, заңсыз есірткі айналымы сияқты жаңа жаһандық сын-қатерлер мен трансұлттық қауіптерге қарсы күрес жағдайында ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясына мүше парламенттердің үйлесімді жұмысының маңызды екеніне назар аударды.

Тараптар парламенттік дипломатия бүгінде мемлекетаралық қатынастардың тиімді тетігі екенін құптап, оны ортақ мақсаттарға жету үшін барынша пайдалануға дайын екендіктерін білдірді.

Кездесуге қатысқан ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының Бас хатшысы Роберто Монтелла, Экономикалық мәселелер, ғылым, технология және қоршаған орта жөніндегі жалпы комитеттің төрағасы, Эзербайжан Республикасының Милли Меджлис депутаты Азай Гулиев, сондай-ақ ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының Орталық Азия бойынша арнаулы өкілі, Грек Республикасы Парламентінің депутаты, «Грекия – Қазақстан» парламентаралық достық тобының тең төрағасы Ангелос Сиригос болды.

## ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Бірінші оқылымда депутаттарға Педагог мәртебесі және білім беру мәселелері туралы заң жобасы мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе түзетулерді қарау ұсынылады. Заң жобаларын депутаттар Мемлекет басшысының педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделерін заңнамалық деңгейде күшейту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатымен әзірледі. Атап

айтқанда, білім алушылар үшін педагогтердің жауапкершілігін тек оқу процесі кезеңімен шектеу, сонымен бірге балалардың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін ата-аналардың жауапкершілігін кеңейту ұсынылады. Бұған қоса, нормалар есептіліктің қағаз және электрондық форматтарда қайталануын болдырмайды және медициналық білім беру жүйесін жетілдіреді.

Сондай-ақ Мәжіліс атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда қарайды. Депутаттар бастамашы болған құжат азаматтардың құқығын қорғауға, сондай-ақ жеке сот орындаушыларының кәсібилігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Заң жобасы депутаттардың 2025 жылы жеке сот орындаушылары институтын дамытуға арналған Үкімет сағаты барысында дайындалған ұсынымдарын ескере отырып әзірленді. Атап айтқанда, өндіріп алу шегін 20-дан 40 АЕК-ке дейін ұлғайту арқылы атқарушылық құжаттардың жекелеген санаттары (айыппұлдар мен салық берешектерін өндіріп алу) бойынша оңайлатылған іс жүргізудің қолданылуын кеңейту көзделді. Азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғау мақсатымен борышкерді қоныс аударудың белгіленген күнінен кемінде он күнтізбелік күн бұрын хабардар ету, сондай-ақ бітімгерлік келісім жасалған кезде атқарушылық іс жүргізуді бір айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру ұсынылады.

Екінші оқылымда депутаттар арнаулы мемлекеттік органдардың қызметі мәселелері туралы заң жобасын және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе түзетулерді қарайды.

## БАҒДАР

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

## «КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»

## ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



«АМАНАТ» партиясында Ұлттық кітап күніне орай «Кітап оқитын ұлт» жобасының жеңімпаздары марапатталды. Үш өңірде – Шымкент қаласында, Қарағанды және Қостанай облыстарында пилоттық жоба аясында 8 айда жалпы саны шамамен 2 млн кітап оқыған 190 мыңға жуық адам қамтылды. Іс-шараға Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, сондай-ақ танымал жазушылар, қоғам қайраткерлері, шығармашылық зиялы қауым өкілдері және жоба жеңімпаздары қатысты.

Іс-шараны аша отырып, Ерлан Қошанов «Кітап оқитын ұлт» жобасы Мемлекет басшысының қоғамда кітап оқу идеясын ілгерілету жөніндегі бастамасын жүйелі жүзеге асыру жұмысы аясында қолға алынғанын атап өтті. Партияның ауқымды зияткерлік-ағартушылық жобасы тұрғындар арасында тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жаңа форматты – кітап оқу марафонын енгізді.

«Қазір 23 сәуірді – Ұлттық кітап күнін ел болып атап өтуді игі дәстүрге айналдырдық. Сонымен қатар Президент халқымызды Ұлттық кітап күнімен құттықтап, алдағы екі аптада оқуға құштар, зияткер ұлт қалып-

тастыру шаралары туралы Жарлыққа қол қоятынын айтты. Кітап оқитын ұлтқа айналу – мемлекеттің мәдени-рухани өркендеуінің төте жолы. Кітап оқитын ұрпақ тәрбиелеу – елдің интеллектуалдық капиталына салынған ең тиімді инвестиция. «Кітап оқитын ұлт» пилоттық жобасы осы мақсатты көздейді. Жобаның басты миссиясы – елімізді әлемдегі ең көп оқитын он елдің қатарына қосу», – деді партия Төрағасы.

Мәжіліс Спикері соңғы уақытта елімізде, әсіресе шалғай елді мекендерде көп кітапхана жөнделіп, жаңадан ашылғанын атап өтті. Олар үнемі жаңа кітаптармен толықтырылып отырады. Соның нәтиже-

сінде, былтыр кітапханаларға барушылар саны 57 миллионға жетіп, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 4,1%-ға артқан. Назар аударарлық жайт, еліміздегі әрбір үшінші оқырман – бала. Астана мен Алматыда тәулік бойы жұмыс істейтін президенттік кітапханалар ашылады. Жыл санап кітап сатып алушылар қатары да артуда. Онлайн кітап сатылымы 50%-ға өсті. Сонымен қатар қаламгерлердің шығармашылықпен айналысуына және кітаптарын басып шығаруға жағдай жасалуда. Мәселен, ұлт әдебиетіне енебегі сінген қаламгерлерге берілетін «Қазақстанның халық жазушысы» атағы қайтарылып, авторлық қаламақы мәселесі де шешімін тапты.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов «АМАНАТ» партиясының әдебиет пен руханият саласын қолдау бағытындағы жүйелі жұмысы мен бастамаларына тоқталды. Атап айтқанда, партияның Сайлауалды бағдарламасы аясында 2023-2025 жылдары 150 мәдени нысан салынды және 755 нысан күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар партия кітапханашылардың жалақысын көтеру жөніндегі сайлауалды уәдесін орындады. Бұдан бөлек, Мәжілістегі партия фракциясы депутаттарының бастамасымен жаңа Салық кодексінде отандық баспалар қосылған құн салығынан босатылды. Бұл қадам оқырмандар үшін кітаптың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Партия жыл сайын жас авторлар арасында «Ұлы дала» шығармашылық байқауын өткізіп, үздік журналистерді «АМАНАТ медиа сыйлығымен» марапаттайды. Бұған қоса, «Кітап-АМАНАТ» жобасы белсенді жүзеге асырылып келеді. Оның аясында ел аумағындағы партия филиалдары жанында 24 кітап орталығы жұмыс істеп тұр. Осындай іс-шаралар арқылы азаматтар арасында оқу мәдениеті қалыптасып, кітапқа деген құрмет арта түсуде.

«Кітап оқитын ұлт» жобасы 2025 жылы қыркүйекте пилоттық режимде еліміздің үш өңірінде – Қарағанды, Қостанай облыстарында және Шымкент қаласында бастау алды. Байқау 6 бағыт бойынша өткізілді – «Кітап оқитын әулет», «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын мектеп» және «Кітап оқитын педагог». Сарапшылар әр бағыт бойынша қазақ және орыс тіліндегі 15 кітаптан тұратын тізім әзірледі. Оларды барлық қатысушы оқуға тиіс болды. Кейін осы кітаптар негізінде викториналар, дебаттар, эссе байқаулары және зияткерлік квиздер өткізілді. Тізімге «Қазақстан әдебиетіндегі таңдаулы 100 кітап» жалпыұлттық сауалнамасы аясында іріктелген шығармалар, сондай-ақ әлемдік деңгейде мойындалған бестселлерлер енді.

Іріктеу барысы кезең-кезеңімен өтті. Ең алдымен, оқу орындары мен мемлекеттік органдар деңгейінде, кейін аудандық және қалалық кезеңдерде жалғасып, финалистер облыстық деңгейде бақ сынады. Нәтижесінде, барлық алты номинация бойынша әрбір үш өңірден екі жеңімпаз команда анықталды – біреуі қазақ тілінде, екіншісі – орыс тілінде. Байқауда барлығы 462 адам жеңімпаз атанды. Оның 156-сы – бірінші орын иегерлері. Олардың бәріне алғысхаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Іс-шара барысында аймақтардағы жоба менеджерлері де назардан тыс қалған жоқ.

Ерлан Қошанов елімізде оқу мәдениетін одан әрі дамытуға бағытталған партияның жүйелі жұмысы жалғасатынын атап өтті. Ол жобаға қатысқан барша азаматқа және серіктестерге бастаманы жүзеге асыруға елеулі үлес қосқандары үшін ризашылығын білдіріп, бұл салада мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктірудің маңызын атап өтті.

## «АЛТЫН ШАҢЫРАҚ»: ЭТНОСАРАЛЫҚ АЛАМАН АЙТЫС ӨТТІ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында елордада «АМАНАТ» партиясының қолдауымен Астана қаласының әкімдігі және Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағы алғаш рет «Алтын шаңырақ» республикалық этносаралық ақындар айтысын ұйымдастырды. Оған республикалық айтыстарда топ жарып жүрген 12 танымал ақынмен бірге, түрлі этнос өкілдерінен 12 өнерпаз бірінші рет сөз барымтасына түсті.

«АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек бүгінгі дүбірлі дода бірліктің, достықтың, татулықтың, өнерге деген жанашырлық пен құрметтің жарқын үлгісі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидатын мемлекеттік саясатымыздың негізі ретінде бекітіп, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайту ісіне баса назар аударып келеді. Соның нәтижесінде, Қазақстанда түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату өмір сүріп, ортақ құндылықтарды бірге дәріптеуде. Бүгінгі бөгенайы бөлек айтыс – сол көшбасшы идеяның нақты жемісі. Мұнда тілі басқа болғанымен, тілегі бір, рухы үндес өнерпаздар бас қосып отыр. Олар халқымыздың мызғымас бірлігі мен татулығын жырға қосып, қазақтың шұ-

райлы тілін, сөз өнерінің құдіретін паш етпек», – деді ол.

Аламан айтысты белгілі ақын, Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай тізгіндеді. Ол өз сөзінде «Алтын шаңырақ» айтысының негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтату, этностар арасындағы алтын көпірді нығайту екенін айтты.

«Осыдан бірнеше онжылдық бұрын тағдырдың жазуымен, заманның тауқыметімен елімізге қоныс аударған әрбір ұлт өкілін қазақ халқы өзектен теппей, бауырына басты. Бір үзім нанды бөліп жеп, бір шаңырақтың астында бірге күн кешті. Бүгін, міне, сол бауырларымыздың ұрпақтары қазақ тілінде көсіле сөйлеп, домбыраның құлағында ойнап, айтыс сахнасына шығып отыр. Бұл – біздің қанымызға сінген қонақжай-



лық пен кеңпейілдіктің жемісі», – деді халық қалаулысы.

Дүбірлі доданың шоқтығын биіктеткен – белгілі айтыс ақындарының бірнеше ай бойы түрлі этнос өкілдерінен сөз өнерінің жаңа жұлдыздарын баптап, оларды сахнаға алып шығуы. Әр ақын өз шәкіртінің бойына қазақтың рухын, тілін, домбыраның қасиетін сіңірді. Осылайша, сахна төрінде башқұрт, корей, неміс, нигериялық, өзбек, моңғол, молдаван, орыс, ұйғыр, украин және қырғыз этностарының өкілдері қазақ тілінде суырыпсалма өнер көрсетіп, ел бірлігі мен достықты жырға қосты. Олар жұптық форматта бақ сынады.

Айтыс барысында Қазақстанның көпэтносты мемлекет ретіндегі тарихи ерекшелігі кеңінен көрініс тапты. Бүгінде елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс татутәтті өмір сүріп келеді. Бұл – еңселі елдіктің, еселі енебектің және мәңгілік достықтың дәлелі.

Ал бірлігіміз бен татулығымызды ту еткен этносаралық айтыс ақындардың сөз барымтасын мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Әбдірахман, белгілі ақын, Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Ринат Зайыт, белгілі ақын, филология

ғылымдарының кандидаты, доцент Серікзат Дүйсенғазы бағалады.

Осылайша, бас жүлдені – Ирина Новицкая (Қостанай облысы) мен Жібек Шахмарданқызы жұбы иеленді. Оларға 3 млн теңге табысталды. Жұлделі 1-орын – Валерия Цой (Қарағанды облысы) мен Дидар Камиға бұйырып, 2 млн теңге сыйақы берілді. Ал 2-орынды – Эльдана Габерман (Астана) мен Иран-Ғайып Кузембаев және Анварбек Садықов (Атырау облысы) пен Шалқарбай Избасаров жұптары өзара бөлісіп, 1,5 млн теңгеден иеленді. Бұл ретте 3-орынды үш бірдей жұп қанжығалады. Атап айтқанда, Алла Платонова (Астана) мен Мейірбек Сұлтанхан, Қанат Хитрук (Ақтөбе облысы) пен Нұрбол Жауынбаев, Халида Саметова (Абай облысы) мен Әсем Ереже. Олардың әрқайсысына 1 млн теңге сыйақы берілді.

Бұған қоса Дильшат Юсупов (Алматы облысы) пен Бибігүл Тілебадинова, Акрам Ирисметов (Шымкент) пен Нұрлан Есенқұлов, Даниель Джеймс (Алматы) пен Өміржан Көпбосын, Салтанат Жаба (Жамбыл облысы) мен Алтынқұл Қасымбекова жұптарына алғысхаттар мен 900 мың теңгеден ұсынылды.

Өңірлік экологиялық саммит аяқталды. Үш күнге созылған басқосуда талқыландырылған тақырыптың ұшы-қиыры жоқ. Су тапшылығы, мұздықтардың еруі, топырақтың тозуы, Арал мен Каспий тағдыры, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, қалдықтарды қайта өңдеу, парниктік газды азайту, бір сөзбен айтқанда, табиғаттың бүкіл тауқыметі қамтылды десек, қателеспейтін шығармыз. Бірақ мұның бәрі жылдар бойы жырлап жүрген түйткілдер ғой. Ең басты сауал: саммиттен қандай сабақ аламыз? Орталық Азияға ортақ проблемаларды тағы бір мойындап, шешімді кейінге шегереміз бе әлде нақты нәтиже шығарамыз ба?



## А Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Жалпы, экология мәселесі – сала-сала, қатқабат әңгіме. Тауды қопарып, тасты жарып, жерді қазып, өзен-көлді бұғалықтап, табиғатты өз ыркына көндіріп үйренген адамзат сол ашкөздігінен зардап шегіп отыр. Ғылыми-техникалық төңкеріс жаратылыстың тепе-теңдік заңын бұзып жіберді. Ойланбай істеген ойранның соңы азынаған ащы желге, улы жанбырға, орман-тоғайдың мезгілсіз қурауына, судың тартылуына, қоршаған ортаның азып-тозуына, халықтың әртүрлі дертке шалдығуына әкеп соқты. Осы проблеманың бел ортасында біз де бармыз. Қазақстан

# ЭКОЛОГИЯ: САММИТ САБАҚТАРЫ

Мамандардың дерегіне, соңғы жарты ғасырда әлемдегі аң-құс популяциясы 69 пайызға қысқарған. Саммитте Биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияның атқарушы хатшысы Астрид Шомакер жануарлар мен өсімдіктердің 1 млн-дай түріне жойылу қаупі төніп тұрғанын хабарлады. Осы олқылықтың орнын толтыру жолында Қазақстан сирек кездесетін сұңқарлардың, Тұран жолбарысының, Пржевальский жылқысының популяциясын қалпына келтіруге кірісті. Тұқымы тұздай құри жаздаған ақбөкендер қайта көбейіп, 4 млн-ға жуықтады. Жер бетіндегі киіктердің

үлгеріпті. Жыл сайын 10 млн гектар ағаш кесіледі, яғни Португалия көлеміне тең орман алқабы жойылады деген сөз. Ал Қазақстан бұл бағытта көпке үлгі болып, ағаш егіп жатыр. Президенттің айтуынша, бес жылда 1 млн гектардан аса аумаққа 1,6 млрд түп көшет егілген. 2027 жылға дейін көгалдандыру көрсеткішін 2 млрд түпке жеткізу жоспарланған. Ең бастысы, экологиялық заңнама қатайтылды. Өйткені жабайы табиғаттың жауы – адам. Осы ретте бір мысал еске түседі. 1986 жылы Украинада АЭС жарылып, радиоактивті түтін жүздеген шақырым жерді ластағаны белгілі. Содан бері Чернобыль аймағында ешкім тұрмайды. Алайда анау-мынау қорықтарда ұшыраспайтын жан-жануарлар өсіп-өніп жатыр. Қызыл кітапқа енген аю, бизон, сілеусін, бұғы-марал, керкүлан секілді тұз тағылары осы апат аймағында емін-еркін өмір сүреді. Неге? Радиациямен уланған жерде табиғаттың екінші тынысы ашылғаны қалай? Жауап біреу-ақ: себебі онда адам жоқ.

Арал қасіреті – ХХ ғасырда адам қолымен жасалған ең ірі апаттың бірі. Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев теңіздің экологиялық ахуалына алаңдаушылық білдірді.

– Арал маңайындағы климат айтарлықтай өзгеріске ұшырады: жаздағы ауа температурасы орта есеппен 2-2,5 градусқа көтерілді, құрғақшылық күшейіп, қыс суық бола түсті. 100 шақырым шеңберінде жауын-шашын көлемі азайды. Құмды дауыл жиіледі. Аралқұм шөлінен жыл сайын ондаған млн тонна тұз, құм, түрлі химиялық зат атмосфераға көте-



**Неге?  
Радиациямен  
уланған жерде  
табиғаттың екінші  
тынысы ашылғаны  
қалай? Жауап  
біреу-ақ: себебі  
онда адам жоқ.**

ріледі. Олар әлемнің ең шалғай түкпірлерінен, мәселен, Солтүстік Мұзды мұхиттан табылып, алыс аумақтағы топыраққа, экожүйеге және адамдардың денсаулығына зиян келтіріп отыр. Теңіз табанынан ұшқан тұзды шаң Тянь-Шань мен Памир мұздықтарына дейін жетті, – деді Президент.

Рас, жағымды жаналықтар да жоқ емес. Қазір Солтүстік Аралдың 36 пайызға жуығы қалпына келтіріліп, теңіздегі су көлемі 18,9-дан 23,5 текше шақырымға дейін ұлғайды. Соның арқасында Арал маңындағы балық шаруашылығы, жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсарды. «Арал» геопаркі құрылды. Жоба мақсаты – Арал теңізінің табиғи-экологиялық және тарихи мұрасын сақтау. 2021 жылдан бері құрғаған теңіз табанына 1,1 млн гектар жерге сексеуіл егілді. Шөлді жерде қасқайып өсетін бұл өсімдік топырақты бекітіп, құм көшкінін тоқтатады, шаң-тозаңның тарауына тосқауыл болады.

Саммитке қатысқан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілі Робб Батлердің пікірінше, Арал теңізі маңында қатерлі ісік пен респираторлық аурулар көп байқалады. Балалардың ане-

миямен ауыру статистикасы өзге өңірлермен салыстырғанда 2,5 есе жоғары.

– Сондықтан ДДСҰ арнайы жол картасын іске қосады, токсикологиялық орталық құрылады, – деп сүйіншіледі Робб Батлер.

2006 жылдан бері Каспий деңгейі де екі метр төмендепті. Кей жерде теңіз жағалауы 30-35 шақырымға дейін шегінген. Аралдың тағдырын қайталамасын десек, бүгіннен бастап дабыл қағуымыз керек. Мемлекет басшысы саммитте бұған да назар аударды.

– Қазақстан Каспий теңізінің тартылуына жол бермеу үшін мемлекетаралық бағдарлама қабылдау жөнінде бастама көтерді, Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын құруға ұйытқы болды. Аталған мекеме өңірлік деңгейдегі ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Барша мүдделі халықаралық тараптарды табиғаттың осынау асыл казынасын сақтау жолында күш-жігер біріктіруге шақырамыз. Каспий маңында қарулы күштердің қолданылуына жол беруге болмайды. Оған қатаң тыйым салынуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Ғасыр соңына дейін теңіз деңгейі 18 метрден түсіп кетуі мүмкін деп болжайды ғалымдар. Шын мәнінде, жол беруге болмайтын жорамал. Сондықтан «Арал теңізі салғырттықтың салдары қандай қасіретке әкеп соғатынын еске салып тұрады» деген Президенттің ескертуімен келіспеске амал кем.

Ресми мәліметке сүйенсек, Қазақстанда 31,6 млрд тонна кокыс бар. Оның 70 пайызы өндірістік қалдықтар болса, қалғаны – тұрмыстық қалдықтар. Саммитте көтерілген көп мәселенің бірі – осы қалдықтарды басқару, яғни оны табиғатқа зарар тигізбей жою немесе қайта өңдеу. Қазір бізде кокыстың 27-30 пайызы қайта өңделеді. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 40-50 пайыз мөлшерінде. Дегенмен 2015 жылғы статистика 2 пайыз болғанын ескерсек, нәтиже жаман емес. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің жоспарына сәйкес, 2030 жылы мұны 40 пайызға жеткізу көзделген. Кокысты қайта өңдеуде халықтың экосанасы да маңызды рөл атқарады дейді мамандар. Себебі кокыс үйде сұрыпталмаса, тамақ қалдықтары қағаз бен пластикті ластайды. Ластаған шикізатты өңдеу өте қиын екен. Демек, «өз үйім» дегенді «өз пәтерім» деп қана түсінетін менталитеттен арылмайынша, кокыс полигондарынан жақын арада құтылмаймыз. Айтпақшы, экологиялық саммит қарсаңында маңызды блогер Азамат Сәрсенбаев маң далада шашылып жатқан пакеттердің арасында жайылып жүрген түйелерді дронмен видеоға түсіріп, желіге жариялады. Жергілікті әкімдік сол күні ғана кимылдап, тазалық қызметтерін жұмылдырыпты. Осының өзі сөз бен істің, жоспарлау мен жүзеге асырудың арасында қандай алшақтық бар екенін анық аңғартады.



Экологиялық тиімділік индексі (ЕРІ) бойынша 180 елдің арасында 47,8 балмен 72-орында тұр. Жақсы көрсеткіш деп мақтауға ұяласың, жаман көрсеткіш деп даттауға намыстанасың. Бір жағынан, ТМД-да көбінен көшілгеріміз, Орталық Азиядан да, Ресейден де озықпыз. Екінші жағынан қарасак, 100 балдан жинаған 47,8 ұпай – әлемдік стандартта «қанағаттарлық» деген баға. Бұл сан бағытымыз дұрыс болса да, қарқынымыз әлі де баяу екенін айғақтайтын диагноз сияқты. Әрине, экология жалғыз шауып бәйге алатын жарыс емес. Қоршаған ортаны қорғау жекелеген мемлекеттің қолынан келмейді. Экология мәселесін әрісі жаһандық, берісі аймақтық деңгейдегі ауыз-біршілік арқылы ғана шешуге болады. Астанада өткен саммиттің негізгі мақсаты да осы еді.

99 пайызы қазір қазақ даласында жортып жүр. Барыстар саны екі есе ұлғайып, 190-ға жетті. Саммиттің пленарлық отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев биоалуантүрлілікті сақтау экологиялық саясатымыздың басым бағыты екенін мәлімдеді. Биыл наурыз айында Үкімет 2026-2035 жылдарға арналған биоәртүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану тұжырымдамасын бекітті. Экологиялық саммит аясында Орталық Азия елдерінің сала министрлері «Аймақтың тұрақты дамуы үшін табиғатпен үйлесімділік» атты аймақтық декларацияға қол қойды. Ал өсімдіктер дүниесін қорғау – өз алдына бөлек міндет. Егер Жердің жаралу тарихын 24 сағатқа сыйдырсақ, адамзат баласы екі-ақ секунд бұрын пайда болыпты. Бірақ осы екі секунд ішінде планетадағы орманның жартысын отап

## ӨЗЕКТІ

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Халқымыздың тамыры – ауылда. Ауыл мықты болса, ел де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше әрі жоғары. Осы орайда 2020 жылғы Жолдауында Президент ауыл әкімдерін тікелей сайлауды ұсынған болатын және ол бастама жүйелі жүзеге асырылды. Әйткенмен, енді бұл институт та қайта қаралмақ. Мысалы, аудан әкімдерін сайлаудан бас тартылуы мүмкін. Саланы тағы қандай өзгерістер күтіп тұр?



# ҰЛТ ҰЯСЫ – АУЫЛ, АУЫЛ ТІРЕГІ – ӘКІМ

Әкімдерді сайлау – мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің өңірдегі ұстыны саналады. Сондықтан мемлекет орынсыз асығыстыққа бой алдырмай, бес жыл ішінде бұл институтты біртіндеп қалыптастырды. Бүгінде еліміз бойынша 2 334 ауыл әкімі халықтың тікелей дауыс беруі арқылы мандат алды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңа сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар. Ең бастысы, олар жергілікті тұрғындар арасынан сайланғандықтан, жұртының мұн-мұқтажын, туған жерінің шешімін таппаған түйткілдерін жақсы біледі.

Билік тармағының төменгі буынындағы бұл жанару – қоғамдағы меритократия қағидатының өрге басуының жарқын көрінісіне айналды. Ауылдағы сайлау партиялардың аймақтағы жұмысына тың серпін берді. Саяси ұйымдар жай ғана бақылаушы болып қалмай, нақты үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың 1 500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Бұл – саяси бәсекенің нақты алаңы ауылға көшкенінің дәлелі.

Сайланған әкімдердің жұмысына жабық аудит жүргізілген, қорытындысы жоғарыға берілген. Мемлекет басшысы «жалпы нәтиже жаман емес деуге болады» деген шешімін айтты. Бұл пікірін Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жыл соңында, 28 қарашада ұйымдастырылған ауыл әкімдерінің диалог-платформасында жариялағаны мәлім.

– Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет беретін қаржы-дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жақында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді Қ.Тоқаев.

## ТОҚТАТҚАН, ӘЛДЕ ТҮЛЕТКЕН ЖӨН БЕ?

Ауыл деңгейіндегі табысты тәжірибеге қарамастан, аудан деңгейіне қатысты көзқарастар қақ жарылып тұр. Аудан әкімдерін сайлау сынағы осымен тоқтатылуы мүмкін. Бұл бастаманы бірқатар қоғам қайраткері, сондай-ақ Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олардың пікірінше, аудан мен қала әкімдерін сайлаудың қажеті жоқ. Бастамашылардың дәйектемесі келесідей: елде сайлау тым көбейіп кетті, жұрт саяси науқандардан әбден мезі бола бастады.

Сайлау машакаты жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстар мен шаруаға кедергі келтіруі мүмкін деген де пікірлер алға тартылды.

Жана Ата заңда аудан әкімдерінің сайланатыны нық көрсетілмеді. 15 наурызда өткен референдумда қабылданған Конституцияның 87-бабында тек: «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады», – деп атап өтілген.

Орталық сайлау комиссиясы берген ақпаратқа жүгінсек, 2025 жылдың қорытындысында елде 7 аудан және 1 облыс орталығының әкімдерінің сайлауы ғана өтті. Атап айтқанда, Абай облысының Жанасемей, Көкпекті аудандарының және Семей қаласының, Ақмола облысының Зеренді ауданының, Алматы облысының Райымбек ауданының, СҚО-ның Қызылжар ауданының, Қызылорда облысының Қазалы ауданының, Түркістан облысының Сайрам ауданының әкімі сайланды.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша 2025 жыл қорытындысында Қазақстан бойынша ауыл әкімдерінің 914 сайлауы өтті. Ауылдықтар тікелей ықтиярын білдіру арқылы тандап алған 914 әкімнің 811-і немесе 88,7%-ы – ерлер, 103-і немесе 11,3%-ы ғана – әйелдер.

Әкімдер 13 ұлттың өкілі саналады. 897-і немесе 98,1%-ы – жоғары білімді, 17-і немесе 1,9%-ы арнайы орта білімді. Сайланған әкімдердің орташа жасы 45-ті құрайды. 653 әкім немесе 71,4%-ы алты саяси партияның мүшесі: «Ауыл» ХДПП (11), «Ақ жол» ҚДП (6), ҚХП ҚБ (7), «Respublika» партиясы ҚБ (9), «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» ҚБ (2), «AMANAT» партиясы (618). 261 әкім өзін-өзі ұсыну арқылы жеңіске жетті.

## ТАС – ТҮСКЕН, САЛЫҚ – ТАПҚАН ЖЕРІНЕ

Қаржылық еркіндік – ауыл қауқарының кепілі. Осы орайда Мемлекет басшысы бір маңызды мәселеге назар аударған-тын: жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне бүгінде тиісінше қаражат бөлінбейді. Көптеген кәсіпорын ауылдық округтерде пайда табады, егін егеді, мал өсіреді, зауыт-кәсіпорнынан кіріс көреді, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады. Бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Президент Үкіметке бұл істе теңгерімді тәсілді қолдану мүмкіндігін қарастыруды жүктеді.

Қазір 2025 жылғы түсімдерге әрбір ауылдық округ бөлінісінде талдау жүргізіліп жатыр. Кіріс базасын кеңейту үшін 2026 жылдан бастап кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары мен емдік балшықтар бойынша пайдалы ауылдық округтердің бюджеттеріне берілді.

– Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни, «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма тиімді: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс, – деді Тоқаев.

Жалпы, 2018 жылы бюджеттің төртінші деңгейі енгізілгені оның кірістерінің он динамикасы байқалады: 2018 жылғы 129,2 млрд теңгеден 2024 жылы 379,9 млрд теңгеге дейін өсті. Ауылдардың төл кірістері 32,2 млрд теңгеден 112,2 млрд теңгеге дейін, ал өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі – 24,9%-дан 29,5%-ға дейін артты. Сенатор Бекбол Орынбасаровтың айтуынша, өсімге қарамастан ауылдық округтердің бюджеттері бәрібір трансферттерге тәуелді болып қалды.

– Нақты кіріс базасы ауылдық округ әкімдеріне беріліп жатқан өкілеттіктер шығысына сәйкес келмейді. Жергілікті деңгейге қазірдің өзінде 19 функция бекітілген. Оның ішінде жолдарды күтіп ұстау, көшелерді жарықтандыру, санитарлық жағдай, абаттандыру, көгалдандыру, сумен жабдықтауды ұйымдастыру, әлеуметтік көмек, мәдени-демалыс қызметі, халықты жұмыспен қамту, жайылымдық инфрақұрылым және бюджеттік және бейіндік заңдарда көзделген басқа да бағыттар бар. Алайда функцияларды беру көбіне жеткілікті қаржы ресурстарын берумен қатар жүрмейді, – деді сенатор.

Салдарынан әкімдер бірінші кезектегі мәселелердің өзін кеш шешуге, оларды қалдық қағидаты бойынша қаржыландыруға немесе аудан-қала, облыс жаққа үнемі қол жайып, қолдау сұрауға мәжбүр. Іс жүзінде бұл тіпті ресми түрде берілген өкілеттіктердің толық көлемде іске асырылмауына әкеп соғады. Б.Орынбасаровтың пайымдауынша, бұл әкімдерді сайлау

институтына деген сенімге селкеу түсірді және жүктелетін жауапкершілік пен нақты мүмкіндіктер арасындағы айқын теңсіздікті тудырды.

## МЫҢ МІНДЕТ, ЖҮЗ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сенатты бұл бағыттағы жұмыстар туралы хабардар еткен Үкімет басшысы қазір кешенді талдау жүргізіліп жатқанын жеткізді. Оның қорытындысында облыстық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің функциялары өзектілендіріліп, оңтайландырылады. Мұның сыртында қайталанатын не оларға тән емес функциялар алып тасталмақ.

Әкімдер өзіне жүктелген, бірақ тікелей жұмысына қатысы шамалы кейбір жанама функцияны алып тастауды сұрады. Мысалы, ауылдасы түрмеден босап келсе, ауыл басшысының өзі оған бас-көз болуға тиіс. Немесе ауылда фельдшерлік пункт болмаса, ауырған тұрғындарды әкімдер қызметтік көлігімен жақын ауылдық округке, не аудан-қалаға апарып, әкетуі қажет. Кейбір ауылда бос қалған үйлерді тұрғындар заңсыз иемденіп алып, көшіп келген туыс-туғанын кіргізе қояды екен. Немесе иесіз ғимаратта балалар ойнайды, маскүнемдер, нашакорлар жайлайды. Сонда заң мен тәртіпті орнату, қаңыраған үй-жайды оқшаулап, қауіпсіздендіру де әкімдерге жүктеліп жататын көрінеді.

Олжас Бектеновтің хабарлауынша, талдау шеңберінде ауыл мен ауылдық округ әкімдерінің құзыретіне жатпайтын 11 функцияны алып тастау ұсынылды. Оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босап шыққан және пробациядағы адамдардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, жекелеген әкімшілік құқықбұзушылықтарды қарау, денсаулық сақтау ұйымдарының стационарларында жатқан науқастарды тұрғылықты жеріне тасымалдауды ұйымдастыру және басқасы бар. Әкімді «әмбебап жұмысшыдан» «тиімді менеджерге» айналдыру үшін оны мойнындағы артық жүктен арылту маңызды.

Айта кеткен жөн, бүгінде ауылдық округтердің бюджеттері 25 түрлі салықтық және салықтық емес түсімдер, сондай-ақ аудандық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен қалыптастырылады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ауылдық деңгейдегі бюджеттерге іс жүзінде 442,3 млрд теңге түскен, оның ішінде меншікті кірістер 147 млрд теңгені немесе бюджеттің жалпы көлемінің 33,2%-ын құрады.

Қазір 2025 жылғы түсімдерге әрбір ауылдық округ бөлінісінде талдау жүргізіліп жатыр. Кіріс базасын кеңейту үшін 2026 жылдан бастап кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары мен емдік балшықтар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы ауылдық округтердің бюджеттеріне берілді.

Сондай-ақ жұмыс тобы жекелеген салықтық түсімдерді, оның ішінде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығын (50%-ына дейін), қызметтің жекелеген түрлерімен толық көлемде айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды IV деңгейдегі бюджетке беру мәселесін пысықтап жатыр. Осы түзетулерге қатысты Үкіметтің қорытындысы Президент Әкімшілігіне келісуге жіберілген. Аталған түзетулер қабылданса, ауылдық округтердің бюджеттеріне 240 млрд теңгеге жуық қосымша түсімдер түседі.

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау институты жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне тын серпін беріп, билік пен халық арасындағы сенімді нығайтудың тиімді құралына айналды. Алайда әкімдерді «әмбебап жұмысшыдан» белгілі бір бағыттағы нақты нәтижеге бағдарланған «тиімді менеджерге» айналдыру үшін артық функционалдық жүктемеден арылту – уақыт талабы. Іс-қимылдағы дербестік қаржылық тәуелсіздікпен ұштасса, ауыл экономикасының берекесі кірмек.

Елдос СЕНБАЙ

## НАРЫҚ

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Астанада Қазақстан экономикасын жаңа деңгейге шығаруы мүмкін маңызды бастама талқыланды. Елде сирек және сирекжер металдары саласын дамытуға арналған ірі ғылыми бағдарлама әзірленіп жатыр. Бұл құжат Қазақстанның тек шикізат экспорттаушы елдер қатарынан шығып, дайын технологиялар мен жоғары қосылған құны бар материалдар өндіретін мемлекетке айналуына жол ашуы мүмкін.



# СИРЕК МЕТАЛДАРҒА СҮЙЕНГЕН ЖАҢА ИНДУСТРИЯ

**А** Кәмила ДҮЙСЕН

Соңғы жылдары әлемде литий, неодим, скандий, иттрий секілді сирек металдарға сұраныс күрт өсті. Өйткені бұл элементтер аккумулятор өндірісінде, жел генераторларында, ядролық энергетикада, электроникада, қорғаныс өнеркәсібінде және жасыл технологияларда кеңінен қолданылады. Сарапшылардың бағалауынша, алдағы онжылдықтарда мұндай ресурстар мұнай мен газ секілді стратегиялық маңызға ие болмақ.

Қазақстанда мұндай қорлар жеткілікті болғанымен, негізгі табыс көбіне шикізатты сыртқа сатудан түсіп келеді. Ал ең үлкен пайда металды терең өңдеу, химиялық қосындылар шығару, одан кейін дайын компоненттер мен технологиялық өнім жасау кезеңдерінде қалыптасады.

Осы жаһандық үрдіске сай Назарбаев университеті жанындағы New Materials and Energy Technologies институтында өткен басқосуда ғалымдар 2027-2031 жылдарға арналған ірі ғылыми-техникалық бағдарламаны жанжақты талқылады. Бастаманың басты мақсаты — Қазақстанда сирек және сирекжер металдарын терең өңдейтін жүйе қалыптастырып, сол шикізаттан жаңа буын материалдарын шығару, сондай-ақ оларды энергетика саласында пайдалануға негіз болатын толыққанды ғылыми база құру.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАҒЫТЫ ҚАНДАЙ?

Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев бұл мәселенің ел болашағы үшін аса маңызды екенін айтты.

«Сирек металдар тақырыбы тек геология немесе кен өндіру мәселесі емес. Бұл — технологиялық тәуелсіздік, энергетика қауіпсіздігі, жаңа өндірістер ашу және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетін арттыру мәселесі. Егер біз тек шикізат сатумен шектелсек, әлемдік нарықтағы үлкен мүмкіндіктерден қағыламыз», — деді ол.

Оның сөзінше, Қазақстанда табиғи қор жеткілікті болғанымен, толық өндірістік тізбек әлі қалыптаспаған.

«Бізге ресурс бар, бірақ кеннен бастап соңғы жоғары технологиялық өнімге дейінгі жолды толық бақылап отырған жоқпыз. Сондықтан қосылған құнның едәуір бөлігі сыртқа қалып отыр. Ендігі міндет — осы тізбекті ел ішінде құру», — деді академия басшысы.

Ғалымдардың айтуынша, бағдарлама аясында бірнеше стратегиялық бағыт қамтылады. Соның бірі — сирекжер шикізатын тиімді өңдеу технологияларын әзірлеу. Бұл бағытта экологияға зияны аз, шығыны төмен әрі халықаралық талаптарға сай жаңа өндірістік шешімдер енгізу көзделіп отыр.

Екінші маңызды бағыт — энергетикаға арналған жаңа материалдар шығару. Әңгіме жоғары температуралы өткізгіштер, ядролық реакторларға қажет арнайы қорықпалар, энергия сақтайтын компоненттер және сутегі энергетикасына арналған материалдар жөнінде болып отыр.

Сондай-ақ цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект элементтерін өндіріс пен ядролық қауіпсіздік жүйелеріне енгізу ұсынылды. Бұл технологиялар апат қаупін азайтып, өндіріс тиімділігін арттырып, күрделі процестерді нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Жиында сөз сөйлеген институт жетекшісі, академик Жұмабай Бәкенов бағдарламаның нақты бағыттарына тоқталды. «Жоба тек зертханалық деңгейде қалмайды. Біз ресурс қорын зерттеуден бастап, оны өндіру, өңдеу, дайын өнімге айналдыру және нақты өндірісте қолдануға дейінгі толық жүйені қарастырып отырмыз. Соның ішінде шағын модульді реакторларға қажетті материалдар мен Қазақстан шикізаты негізінде «жасыл» сутегі өндірісін дамыту да бар», — деді ол.

## БЕРЕПІ МОЛ БАСТАМА БОЛМАҚ

Сарапшылардың айтуынша, мұндай бағдарлама сәтті іске асса, ел экономикасына бірнеше бағытта серпін береді. Біріншіден, шикізатқа тәуелділік азаяды. Екіншіден, жоғары жалақы төленетін инженерлік және ғылыми жұмыс орындары ашылады. Үшіншіден,

Ал сол металдан кейінгі кезеңде электроникаға, энергетикаға немесе аккумулятор өндірісіне қажет бөлшектер жасалса, өнім құны бірнеше ондаған есе өседі.

«Біз көбіне кенді немесе бастапқы өнімді сатумен шектелеміз. Бірақ негізгі табыс соңғы кезеңдерде қалыптасады. Мысалы, кеннің бағасы бір басқа, ал одан жасалған жоғары технологиялық компоненттердің нарықтағы құны мүлде бөлек. Сондықтан ел үшін ең маңыздысы — шикізатты сыртқа шығару емес, оны осында өңдеп, дайын өнім жасау», — деді ғалым.

Оның сөзінше, дәл осындай тәсіл Қазақстанға экспорт құрылымын өзгертуге мүмкіндік береді. Қазір шикізат сатудан түсетін табыс әлемдік бағаға тәуелді болса, дайын өнім өндірісі тұрақты әрі табысты бағыт саналады. Әсіресе, электр көлігі, энергия сақтау жүйелері, жасыл технологиялар қарқын алған кезеңде металды терең өңдеудің маңызы артып отыр.

Мамандар аккумулятор өндірісін болашақтағы ең табысты салалардың бірі деп отыр. Өйткені жаһандық нарықта электр көліктеріне, күн және жел энергетикасына арналған энергия сақтау жүйелеріне сұраныс өсіп келеді. Егер Қазақстан өз шикізатын пай-

технологияларын дамытуға мүмкіндік барын көрсетеді. Ең бастысы — зертханадағы жұмысты өндіріс деңгейіне жеткізу», — деді профессор.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай жобалар тек бір өнім шығарумен шектелмейді. Оның айналасында инженерлік мектеп, жаңа мамандықтар, сервистік компаниялар, ғылыми орталықтар мен шағын өндірістер қалыптасады. Яғни, бір аккумулятор зауытының өзі ондаған қосымша саланың дамуына жол ашады.

Жиында тағы бір болашағы зор бағыт ретінде суперөткізгіш материалдар өндірісі аталды. Бұл — электр энергиясын аз шығынмен тасымалдауға, медицина құрылғыларында, ғылыми қондырғыларда және болашақ термоадролық энергетикада қолданылатын күрделі технологиялық өнім. Мамандардың сөзінше, Қазақстан сирекжер металдарын пайдалана отырып осындай материалдарды әзірлеу бойынша халықаралық әріптестікке кірісе бастаған. Егер бұл бағыт табысты дамыса, ел жаңа буындағы жоғары технологиялық экспортқа шыға алады.

Сарапшылар Қазақстан үшін кадр мәселесі де шешуші рөл атқаратынын айтады. Өйткені тек кен өндіретін экономикаға қарағанда, материалтану мен жоғары технологиялық өндіріс үшін мүлде басқа деңгейдегі мамандар қажет. Демек, инженерлер, химиктер, энергетиктер, дата-сарапшылар мен жасанды интеллект мамандарына сұраныс артады. Бұл өз кезегінде университеттер мен ғылыми орталықтарға жаңа талап қояды. Енді оқу орындары тек диплом беретін мекеме емес, өндіріс пен ғылымды байланыстыратын орталыққа айналуы тиіс.

Экономистердің айтуынша, Қазақстан шикізатқа бай болғанымен, ұзақмерзімді өсім үшін бұл жеткіліксіз. Соңғы жылдары әлемде ресурсы көп елдердің өздері қайта өңдеу мен технологияға қаржы құя бастады. Себебі кен орны таусылуы мүмкін, ал білім мен технология тұрақты артықшылық береді.

Егер ұсынылған бағдарлама толық іске асса, Қазақстан бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізе алады. Біріншіден, отандық өнім-



экспорт құрылымы өзгеріп, Қазақстан тек кен емес, дайын технологиялық өнім сататын мемлекетке айнала бастайды.

Бұдан бөлек, жаңа өндірістердің дамуы өңірлердегі инфрақұрылымға да әсер етеді. Зертханалар, инженерлік орталықтар, шағын технологиялық зауыттар ашылып, ғылым мен бизнестің байланысы күшейеді.

Мамандардың бағалауынша, бұл бастама — уақыт талабынан туған шешім. Өйткені әлемдік экономикадағы бәсеке енді тек мұнай, газ немесе металл қоры үшін жүріп жатқан жоқ. Ендігі тартыс — сол ресурстан кім тезірек технология жасап, дайын өнім шығара алатынына байланысты. Егер Қазақстан осы мүмкіндікті тиімді пайдалана алса, алдағы жылдары ел экономикасында жаңа индустриялық кезең басталуы ықтимал. Сирек металдар саласы шикізат көзі ғана емес, технологиялық серпілістің тірегіне айналуы мүмкін.

Профессор Жұмабай Бәкенов қарапайым мысал арқылы қосылған құнның айырмасын түсіндірді. Оның айтуынша, Қазақстанда өндірілетін мыс кені көбіне бастапқы шикізат ретінде бағаланады.

**Ғалымдардың айтуынша, бағдарлама аясында бірнеше стратегиялық бағыт қамтылады. Соның бірі — сирекжер шикізатын тиімді өңдеу технологияларын әзірлеу. Бұл бағытта экологияға зияны аз, шығыны төмен әрі халықаралық талаптарға сай жаңа өндірістік шешімдер енгізу көзделіп отыр.**

даланып аккумулятор материалдарын шығара алса, бұл жаңа индустрияның негізіне айналуы ықтимал.

## НЕНДЕЙ НӘТИЖЕ КҮТЕМІЗ?

Осы бағытта алғашқы нақты нәтижелер де бар. Ғалымдардың айтуынша, отандық зерттеушілер әзірлеген 12 вольттық аккумулятор сериялық автокөлікте сынақтан өткен. Бұл әзірге шағын қадам болғанымен, технологиялық база қалыптастыру тұрғысынан маңызды жетістік саналады.

«Көп адам ғылыми жобаларды тек теория деп ойлайды. Бірақ бізде нақты сынақтан өткен шешімдер бар. Бұл Қазақстанда аккумулятор

нің қосылған құны өседі. Екіншіден, сыртқы нарыққа тәуелділік азаяды. Үшіншіден, жоғары жалақы төленетін жаңа жұмыс орындары ашылады. Төртіншіден, ғылымның экономикаға нақты пайдасы көріне бастайды.

Сарапшылар бұл мүмкіндікті өткізіп алмау керек дейді. Өйткені сирек металдар үшін жаһандық бәсеке күшейіп келеді. Кім тезірек технология жасап, өндіріс тізбегін жолға қойса, болашақ нарықта сол ел үстемдік етеді. Қазақстан үшін тандау анық: шикізатты бұрынғыдай экспорттай беру немесе сол байлықты жаңа экономиканың іргетасына айналдыру. Астанада өткен талқылау осы екінші жолға нақты қадам жасалғанын көрсетті.

# КӨКЕЙКЕСТІ

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ


Аутизм туралы қоғамда әртүрлі көзқарас бар. Біреулер оны тек диагноз ретінде қабылдаса, енді бірі адамның ерекшелігі деп қарайды. Шын мәнінде, бұл ұғымға қатысты көзқарас соңғы жылдары айтарлықтай өзгеріп келеді.

## А Айгүл СЕЙІЛ

Ғалымдар мен аутистік қауымдастықтың пікірін жинақтай келе, аутизмді үш негізгі тұрғыда түсіндіруге болады. Біріншісі, медициналық анықтама. Бұл көзқарас бойынша аутизм ресми түрде аутистикалық спектр бұзылысы ретінде қарастырылады. Яғни, клиникалық диагноз. Мұнда адамның әлеуметтік қарым-қатынас жасау қабілетінің төмендеуі, қайталанатын және шектеулі мінез-құлық, икемсіз әрекет үлгілері негізгі белгілер ретінде сипатталады.

Екіншісі — ғылыми көзқарас. Ғалымдар нейралуантүрлілік тұжырымдамасын ұсынады. Бұл бағыт аутизмді «бұзылыс» емес, нейрорудың өзгеше формасы ретінде қарастырады. Яғни, аутизм — адам миының жұмыс істеуінің бір нұсқасы. Ол өмір бойы сақталады және адамның әлемді қабылдауына, қарым-қатынас жасауына, ойлауына әсер етеді.

Үшінші, аутистік қауымдастықтың өз анықтамасы бар. Бұл анықтама да нейроралуантүрлілік идеясымен үндес. Мұнда аутизм адамды «өзгеше» ететін қасиет ретінде қабылданады. Яғни, аутизм — қалыпты, табиғи айырмашылық. Осы жерде негізгі айырмашылық көрінеді. Мәселе аутизмнің өзінде емес, оған деген көзқараста. Медициналық модель аутизмді қабілеттің төмендігімен, шектеулі мінез-құлықпен сипаттаса, нейроралуантүрлілік оны адамның табиғи



ерекшелігі ретінде қарастырады.

### «СПЕКТР» ҰҒЫМЫ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Аутизмде неге «спектр» термині көп қолданылады? Бұл сұраққа PhD, зерттеуші Нариман Амантаев нақты жауап береді. Оның айтуынша, «спектр» термині аутист адамдардың бір-біріне мүлде ұқсамайтынын көрсетеді. Яғни, олардың барлығын бір




категорияға сыйдыру мүмкін емес. Әр адамның өзіне тән күшті жақтары, өзіне тән қиындықтары бар. Оларды қолдау деңгейі де әртүрлі: біреуге тұрақты көмек қажет

болса, енді біреуге аз ғана қолдау жеткілікті.

Сондықтан аутизммен Сөмірге келген адам туралы айтқанда «аутизмді аз» немесе «аутизмді көп» деп айту қате. Дұрысы, әр адамдағы ерекшеліктердің әртүрлі үйлесімін түсіну. Маман сондай-ақ қоғамда аутизмді анықтау туралы қате түсініктер аз емес екеніне тоқталды. Маңызды жайт, аутизм диагнозын тек психиатр қояды. Невролог пен педиатр тек күмәнданып, бағыт бере алады. Тағы бір кең таралған миф — аутизмді аппарат арқылы анықтауға болады деген ой. Алайда МРТ, КТ, ПЭТ, зертханалық талдаулар аутизмді анықтамайды. Диагноз баланың мінез-құлқы мен дамуын бақылау негізінде қойылады. Яғни, мамандар ата-анамен сұхбат жүргізеді, арнайы тесттер қолданады (ADI-R, M-CHAT, ADOS-2) және клиникалық бақылау жасайды. Содан соң ғана диагноз қойылады.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР: ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ

Аутизмге қатысты заманауи көзқарастар Қазақстанда да қарқын алып келеді. Соның бір дәлелі — елордада Назарбаев университетінде өткен «Аутизмге қатысты зерттеулер мен әзірлемелер» атты конференция. Жиында ғылым, медицина және тех-



### ҚОҒАМ ҚАЙ БАҒЫТТА ӨЗГЕРІП ЖАТЫР?

нология тоғысқан жаңа шешімдер ұсынылды. Университеттің вице-президенті Әсел Увалиева мұндай бастамалардың маңызын ерекше атап өтті. «Ғылым — тек жарияланымдар ғана емес, ол адамдардың өміріне нақты әсер етуі тиіс», — деді ол. Оның айтуынша, дәл осындай алаңдарда ғалымдар, дәрігерлер, педагогтар, инженерлер мен бизнес өкілдері арасында маңызды диалог қалыптасады.

Конференцияның басты тақырыптарының бірі — робототерапия болды. Бұл бағытты зерттеп жүрген ғалым, Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры Анар Сандығұлова технологияның нақты нәтижесін мысалмен түсіндірді. «Жеті жастағы қыз бірнеше сабақтан кейін алғаш рет анасының көзіне тік қарай бастады. Бұған дейін ол көзбен байланыстан қашқақтайтын», — дейді ол.

Ғалымның айтуынша, арнайы роботтар балалардың зейінін тұрақтандырады, қарым-қатынас орнатуы жеңілдетеді және сөйлеу дағдыларының дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ роботтар жүздеген стандартталған жаттығуды орындауға және сабақтарды әр баланың ерекшелігіне бейімдеуге мүмкіндік береді. Қазір бұл технология Қазақстанның жеті оңалту орталығында енгізілді, 500-ден астам бала терапиядан өткен.

Ал Астанадағы Ұлттық балаларды оңалту орталығының дәрігер-неврологы Зульфия Ахметжанова аутизм диагнозы бар балалар санының артып келе жатқанын айтады. Оның мәліметінше, жыл сайын шамамен 4 200 бала оңалтудан өтсе, олардың 400-ден астамы аутизм диагнозымен келеді. «Біз әр балаға жеке оңалту бағдарламасын әзірлейміз және ата-аналарға оның ерекшеліктерін түсінуге көмектесеміз», — дейді маман.

Жалпы, конференцияда сондай-ақ аутизм саласының жетекші сарапшылары — зерттеуші Аида Әмір, Bolashak Charity қамқоршылық кеңесінің төрайымы Динара Гаплан, Бала орталығының жетекшісі Азамат Бақытбеков, «Балам-ай» қорының төрайымы Әсел Жасанова және басқа да мамандар баланың ойлау қабілетіне дамыту, әлеуметтік инклюзия, мемлекет пен қоғамның өзара әрекеті сияқты маңызды мәселелерді талқылады.

Бүгінде әлемде аутизм-геріп келеді. Зерттеуші Нариман Амантаев бұл үрдісті былай түсіндіреді: ғылыми ортада стигматизация тудыратын терминдерден бас тарту күшейіп жатыр. Яғни, «аутист адамдар», «спектрдегі адамдар» сияқты атаулар кенінен қолданыла бастады. Бұл — тек тілдің өзгеруі емес, ойлау жүйесінің өзгеруі. Аутизм — тек диагноз емес. Ол — адамның әлемді қабылдауының өзгеше тәсілі. Жоғарыда айтқанымыздай, бір көзқарас бойынша ол бұзылыс, қабілеттің төмендігі болса, екінші көзқарас тұрығысынан табиғи ерекшелік деп есептеледі. Ал бүгінгі қоғам осы екі түсініктің арасынан жаңа, неғұрлым адамға жақын жолды іздеп келеді. Бұл түрлі көзқарасты талқылауға емес, ерекшелігі бар адамдарды түсініп, қабылдай білуге бағытталған.




## ТҮЙТКІЛ

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



## DEERFAKE-ТЕН

ТАРАҒАН  
ДҮРМЕК

Ақпараттық технологиялардың даму қарқыны қазір тек техникалық құралдармен шектелмей, бүкіл қоғамның және экономиканың барлық саласының өзгеруін жылдамдатты.

**Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ**

Әсіресе, жасанды интеллектің адами факторсыз цифрлық форматта автоматтандырылған қызметтерді атқаруын жетілдіру — цифрлық трансформация өркеніне күтпеген жаңалықтар әкелуде. Мәселен, бір ғана deepfake технологиялары ғалымдардың енді әлем бұрынғыдай болмайды деп дабыл қағуына түрткі болды.

Deepfake дегеніміз не? Ғалымдарды неге аландатып отыр? Deepfake Ағылшын тілінен аударғанда deer — терең, fake — жалған деген мағынаға ие. Мұны 2014 жылы жасанды интеллект жасаушыларға арналған Стэнфорд университетінің студенті Ян Гудфеллоу ойлап тапқан. Мамандардың сөзінше, ол жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып, адам бейнесін немесе дауысын синтездеуші арнайы алгоритм арқылы аудио және видеоматериалдардың шынайы нұсқасын жасайды. Deepfake технологиясының негізі 1990 жылдары

цифрлық бейнежазбалар дами бастаған кезеңде қаланды. 1997 жылы Video Rewrite компаниясы адамның сөйлеу артикуляциясын синтезделген аудиомен үйлестіре алатын жүйені жасап шығарды. 2017 жылы Reddit платформасында оның кеңінен танылған алғашқы нұсқасы жарияланды. Онда танымал тұлғалардың жүздері ересектерге арналған видеода басқа актерлердің денесіне жапсырылған болатын. Сөйтіп, deepfake киноиндустрияда, маркетингте, әлеуметтік желілерде, журналистикада және көпшілікке арналған көгілдір экран мен мәдени шараларда жиі қолданыла бастады.

**БАСТЫ ҚҰРАЛ — ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАБУҒЫЛ**

Deepfake-ті қаржы алаяқтығында, ұтыс ойындары мен жалған жаңалықтарда, инвестициялық жобаларға пайдалану күн өткен сайын асқынып барады. «Асығы алшысынан түскен» алаяқтар ғаламтордағы танымал бұлттық сервистердің атын жамылып, адамдардың жеке деректері мен қаражатын иемденуге дейін маманданып үлгерген. Қауіптің алдын алу үшін мамандар күмәнді сілтемелерге өтпеуге, аккаунт жағдайын тек ресми қосымша немесе сайт арқылы тексеруге, екі факторлы қорғауды қосуға және әр сервиске бөлек күрделі құпиясөз қолдану керектігін ескертеді. Ашық ақпарат көздеріндегі деректерге сүйенсек, әлемде әр 10 адамның 6-уы deepfake-ке алданады екен. Ал елімізде кибершабуылға тап болып, интернетте алданған адамдар жыл сайын

артып келеді. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ұсынған деректерге сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында интернет-алаяқтардың әрекетінен келген шығын 11,2 миллиард теңгеге жеткен. Ең сорақысы, келтірілген шығынның негізгі ауыртпалығы қарапайым халықтың мойнына түскен. Жалпы соманың 96,7 пайызы жеке тұлғаларға тиесілі. Кәсіпкерлер мен бизнес құрылымдары мұндай қылмыстардан салыстырмалы түрде аз зардап шеккен. Олардың үлесі 2,4 пайызды ғана құраса, мемлекетке келген шығын 1 пайыз шамасында. Сонымен қатар Factcheck.kz дерегіне, 2025 жылғы маусымда Ұлттық банкке қарасты антифрод-орталық 10 ай ішінде 63 мыңнан астам алаяқтық дерегін тіркеп, жалпы көлемі 2,5 млрд теңге болатын транзакцияларды уақытылы бұғаттаған.

Бас прокуратураның дерегіне, 2025 жылғы алаяқтық бабы бойынша 4,3 мың қылмыстық құқықбұзушылық тіркелсе, 2026 жылдың 2 айында 21 558 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,7%-ға аз. Сондай-ақ биыл интернет-алаяқтықтар саны 8,3%-ға төмендеген және қылмыстық жауаптылыққа 913 құқық бұзушы тартылған. Кибералаықтықтарды ашу көрсеткіші 29%-ға өсіп, келтірілген залалды өтеу деңгейі 57%-ды құраған. Мамандардың айтуынша, алаяқтардың басты ерекшелігі адамның психологиясына оңай әсер ете алады.

Бір ғана мысал келтірер болсақ, 2024 жылы әлеуметтік желі-

лерде «Қазатомпром» атауын пайдаланған инвестициялық платформа туралы жарнама жаппай тараған болатын. Бейнероликте Қазақстанға танымал тұлғалар, соның ішінде Димаш Құдайбергел мен оның ата-анасы аталған жобаны «сенімді қаржылық мүмкіндік» ретінде таныстырып, жарнамалады. Бәрі шын секілді. Көпшілік бұған сенді және «Қазатомпромен» жұмыс істеп жатырмыз деп ойлаған. Кейін жарнамадағы барлық бейнеролик пен жарияланымдар «Қазатомпром» компаниясының атын пайдаланып, алаяқтар жасаған цифрлық жалған материалдар екені анықталды.

— Әр буын өз заманының технологиясымен өседі. Бұрын калькулятордан қорықтық, кейін интернеттен, енді жасанды интеллекттен қауіптеніп отырмыз. Бірақ мәселе құралда емес, оны қалай қолдануда. Шынында да, біз көбіне жаңа технологияны қауіп ретінде қабылдаймыз. Алайда мәселенің түп-төркіні бақылау мен бағыт-бағдардың жоқтығында жатқан секілді. Алаяқтар мықты бағдарламашылардан гөрі, мықты

психологтарға көбірек ұқсайды. Олар адамға психологиялық шабуыл жасау арқылы дұрыс ойлау қабілетінен айырады, оларға керегі де сол, — дейді IT маманы Мейіржан Әуелханұлы.

**БИОМЕТРИЯЛЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУ — ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫН ҚОРҒАЙДЫ**

Елімізде кейінгі жылдары deepfake-тен болатын қауіп-қатер мен алаяқтықтың алдын алу мақсатында бірқатар жұмыс жасалып жатыр. 2025 жылы 22 желтоқсаннан бастап дербес деректерді қорғау ережелері жаңартылды. Сонымен қатар мемлекеттік және маңызды цифрлық жүйелерді тексеру ережелері өзгертілді. Енді барлық ақпараттандыру нысаны үш жыл сайын киберқауіпсіздік сынақтарынан өтуі керек. Енді 100 мыңнан астам жазбасы бар база иелері мен операторлар пайдаланушылардың биометриялық сәйкестендіруін қамтитын көп факторлы аутентификацияны қолдануға міндетті.

Жасанды интеллект вице-министрі Досжан Мұсаалиевтің айтуынша, өзгерістер «пайдаланушыларды сәйкестендіруге және рұқсатсыз кіру тәуекелдерін, соның ішінде басқа біреудің логині мен паролімен кіру әрекеттерін азайтуға» бағытталған. Шектеулі деректерге заңмен қорғалған мәліметтер: жеке, отбасылық, салықтық, банктік және коммерциялық құпия, сондай-ақ медициналық деректер және өзге де құпия мәліметтер жатады.

«Бұл қауіпті жағдайды анықтауға және деректердің сенімді қорғалғанына көз жеткізуге мүм-

кіндік береді», — деп хабарлады Ақпараттық қауіпсіздік комитеті.

Сонымен қатар жекелеген азаматтардың жалған мен шынды ажырата алу қабілетінің болғаны және цифрлық сауат пен цифрлық мәдениетті білгені маңызды. Мейіржан Әуелханұлының айтуынша, IT мамандар ақпараттың «ішкі құрылысына», яғни қай серверден келгеніне, IP мекенжайына қарап жалған хабарламаларды анықтай алады.

— Біз сияқты мамандар хабарламаның «ішкі құрылысына», яғни қай серверден келгеніне, IP мекенжайына қарап анықтай аламыз. Бірақ қарапайым қолданушының қолында ондай құралдар жоқ қой, сондықтан ең бастысы — көзбен көріп, мимен саралау. Қарапайым қолданушы бірден байқай алатын ең бірінші белгі — ол сілтеме, яғни сайттың мекенжайы. Алаяқтар түпнұсқаға қатты ұқсайтын, бірақ бір-екі әрпі өзгеше сайттар жасайды. Мысалы, kasperski.kz емес, kasperski-bonus.kz немесе kasperski.com деп өзгертіп қоюы мүмкін. Асығыс адам мұны байқамай қалады. Екінші белгі — ол «асықтыру». Егер келген хабарлама сізді «тездетіңіз», «қазір жойылып кетеді», «шұғыл» деп енгізіп жатса, бірден тоқтаңыз. Банкігер немесе мемлекеттік органдар ешқашан сізді дүрліктірмейді, олар ресми түрде, байсалды жазады, — дейді маман.

Ал IT аналитик Тимур Бектұр цифрлық сауат дегеніміз қандай цифрлық құралдар бар, соларды дұрыс қолдана білу және цифрлық мәдениет дегеніміз ешкімнің арнамысына, ұятына тиіспеу, әдепті болу екенін ескертті.

— Цифрлық сауат немесе мәдениет дегеніміз де — белгілі бір құндылықтарды сақтау. Қазанның қақпағын жабық күйде ұстау. Балаңызға әлеуметтік желі арқылы бөтен адаммен сөйлеспеді үйрету. Жеке-бас мәліметін, банк мәліметтерін, денсаулыққа қатысты ақпаратты, үйіңіздің мекенжайын, мемлекеттік ақпаратты, біреулердің телефон нөмірлерін бей-берекет интернетке жарияламау дегеннің барлығы осы цифрлық мәдениетке жатқызуға болады. Содан кейін, бір жаққа кетерде үйіңізді ашық-шашық тастап кетпейсіз ғой. Кілттейсіз. Ол кілтті есік алдына тастап кетпейсіз. Өзіңізбен алып кетесіз. Қарапайым қауіпсіздік мәселесі. Сол сияқты цифрлық қауіпсіздік мәселесі де цифрлық мәдениеттен туындайды. Кілтсөздерді дұрыс қолдану, қиын кілтсөздер қолдану, оны еш жерге жарияламау, әр жерде әртүрлі кілтсөз қолдану деген сияқты. Осының барлығын үйренетін уақытымыз болды ғой. Бірақ неге екенін білмедім. Әйтеуір, оп-онай алданып қаламыз. Оп-онай жем боп қаламыз. Ақшамызды жұртқа ұстата саламыз. Әлеуметтік желіміз де, басқа да цифрлық дүниелеріміз ашық-шашық жатыр, — деді Тимур Бектұр.

Маманның сөзінше, deepfake-тен қорғандың ең тиімді тәсілі қарапайым әрі оңай десек болады. Яғни, адам өзінің жеке бас деректерінің немесе басқа да өзіне қатысты мәліметтерінің ашық-шашық қалуынан сақтанса болғаны.

## ПАРАСАТ

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



Күләш Ахметова әдебиетке ерекше лирикалық жырларымен келді. Оның поэзиясы нәзік, терең сезімге құрылған. Ол қазақ әдебиетінде әйел ақындар поэзиясының жаңа бір тынысын ашып, адам жанының ішкі иірімдерін шынайы әрі әсерлі жеткізе білген қаламгер ретінде танылды. Мөп-мөлдір лирикалық жырлардың авторы тірі болса, бүгін, яғни 25 сәуір күні 80 жасын тойлап жатар еді... Амал нешік, оқырман енді ақынды өлеңдері арқылы сағынышпен еске алады.

# Жаңа жаздың жүрегі

**А** Гүлзина БЕКТАС

Күләш Ахметова шығармашылығы ең алдымен адам жанының тазалығы мен махаббаттың биік құндылығын жырлауға бағытталған. Оның өлеңдерінен нәзіктік пен сыршылдық сезіледі. Күләш ақын көбіне өмір, уақыт, тағдыр, ана мен бала арасындағы мейірім, туған жерге деген сағыныш сияқты мәңгілік тақырыптарды жырлады. Бұл тақырыптарды ол қарапайым сөзбен емес, жүрекке тікелей жететін шынайы сезіммен өрнектеп өтті.

*«Тіршілікте боран да,  
Құйын да бар,*

*Қайдан сенің түсіңін күйіңді олар?*

*Блғи жақсы болуды тілегенмен,*

*Блғи жақсы боп қалу қиын болар...»* деп жырлаған ақын өзі «тағдырым» деп білген әдебиетке үн-түңсіз қызмет етіп, тек шығармашылықпен алаңсыз айналысты.

Күләш Ахметова тек махаббат пен сезім жыршысы ғана емес, адамгершілік құндылықтарды да насихаттап өтті. Ол адам бойындағы ізгілік, адалдық, мейірім сияқты қасиеттерді дәріптеп, оқырманды жақсылыққа үндеді. Ақынның өзі де көзі тірісінде: «Әр мезгілдің өзінің сипаты болатыны сияқты, әр кезеңдегі өлең-жырлардың да өз табиғаты болады. Біздің бойжеткен кезімізде жазылған жырлар мөлдір, таза болуының себебі сол ортаға, қазаки тәрбиеге байланысты болса керек. Ол кездегі адамдар да бір-біріне мейірімдірек болған сияқты» деп айтқан екен.

**Ақуштап БАҚТЫГЕРЕЕВА,**  
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

## КҮЛӘШ – СЫРШЫЛ ЛИРИКА АҚЫН

Күләш Ахметова алғаш әдебиет әлемінде көріне бастаған шақта әлі студент еді. Ол Тараздағы медицина училищесінде білім алып жүрген. Ал мен Қыздар институтын тәмамдағалы отырған жас түлек болатын-

мын. Фариза Оңғарсынова болса, Атырау өңірінде еді.

Сол бір кезеңнің бір ерекшелігі — әдебиеттің алып тұлғалары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Қалижан Бекхожин сынды майталмандардың көзі тірі кезі. Баспасөздің беделі биік, талабы қатал еді. Жаңа буынның әрбір өлеңі сол кісілердің назарынан тыс қалмайтын. Жылт еткен бір әдемі жыр туса, оны әдебиеттің абыздары бірден байқап, бағасын беріп үлгеретін.

Біз үшін әдебиет — өмірдің өзегі еді. Аш жүрек те, соңғы тиынымызға кітап сатып алатынбыз. Газет-журналға шыққан бір әңгімені оқымай қалсақ, өзімізді кінәлі сезінетінбіз. Жаңа есімдерге құлақ түріп, жас ақындардың шығармашылығын қалт жібермей қадағалайтынбыз. Жаңа қойылған спектакль болса, оны да қызу талқылап, пікір алмасатын едік. Біздің буынның артықшылығы да, бәлкім, осы шынайы құштарлықта жатқан шығар.

Сол тұста Күләштің өлеңдері өзгеше әсер қалдыратын. Оның «Шілтер», «Ақ гүлім» атты жырлары жүректі бірден баурап алды. Біз бір-бірімізді көрмесек те, есімдерімізге қанық болып өстік. Ал кейін әдеби жиындардың бірінде алғаш жүздескен сәтте баяғыдан таныс жандардай бірден шұқырай табыстық.

Күләштің болмысы да жырларындай нәзік еді. Жалпы, қазақ қызының табиғаты нәзік қой, ал ақынның жан дүниесіндегі сол нәзіктік тіпті айрықша сезілетін. Оның әр сөзі, әр қимылы мөлдірлікке, әдемілікке тұнып тұратын.

Ол:

*«Өсек айтып, жел сөзбен желіккендер,  
Маған маза беріңдер, ерікпендер.*

*Мен булақпын,*

*Булақтың айналаға*

*Зиян болған кездерін көріп не еңдер?»* — деп жазады.

Ақынның «булақпын» деуі — тегін теңеу емес. Бұл — оның ішкі жан дүниесінен мөлдіреп төгілген жырдың бейнесі. Булақ

қашанда таза, тұнық қалпымен айналасына нәр беріп, жанға шипа сыйлайды. Ол ешқашан қоршаған ортасына зиянын тигізбейді. Керісінше, тіршілікке нәр, көңілге сая болады. Сол секілді, Күләштың да поэзиясы — жан дүниесінің мөлдір айнасы. Ол өз жүрек сырын өлеңмен өрнектеп, оқырманға шынайы қалпында жеткізеді. Оның жырларын оқыған әрбір қазақ қызы нәзіктікті, ішкі мәдениетті, сезім тазалығын бойына сіңіргендей әсер алады.

Күләш — сыршыл лирик ақын. Оның поэзиясы өзгеше әуезімен, нәзік иірімдерімен дараланады. Әр өлеңінен жүректің лүпілі, жанның жылуды сезіліп тұрады. Сондықтан да оның лирикасы оқырманын бейжай қалдырмай, көңіл түкпіріне терең бойлайды.

Біз поэзияға келген жылдары жанымызда өзге де ақын қыздар көп еді ғой. Ырза Қонақова, Бәтима Батырбекова, Шәрбану Құмарова — бәріміз бір ортада жүріп, бас қосқанды жақсы көретінбіз. Қай жерде жиын болса да, шұқырасып табысып, артынша Тұрсынхан Әбдірахманова апамыздың үйіне шай ішуге баратынбыз.

Кейде мереке күндері әзілдеп: «Апа, ендігі кезек сіздікі ғой», — деп қалжыңдап қоятын едік. Қол тимей, қарбалас тіршілікпен жүрген күндердің өзінде осындай көңілге жылы, сағынышты сәттеріміз аз болған жоқ. Біз де сендер секілді әр жерде еңбек еттік. Мен «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде, Қазақфильм студиясында қызмет атқардым. Кейін Алматыдан жұмыс табылмай, Талдықорғандағы газетке ауыстым. Сөйтіп, тіршіліктің күйбеңімен ары-бері жүгіріп, тынымсыз күн кештік. Солай жүрек те, бір жиын болады дегенді естисек, бір-бірімізді сағынып, кездесуге асығатын едік. Өңірлерден Шырын Мамасерікова, Қатира Жәленова секілді қыздар келетін. Ал бәріміздің қашан, қайда жиналатынымызды біліп, басымызды қосып жүретін Журналистер одағында істеген Ибада деген апаларың еді. Біз сондай сыйластығы жарасқан, бір-біріне тілеулес буын болдық.

Күләш екеуіміз 1992 жылы Бурса қаласында өткен «Түрік әлемі» фестиваліне бірге барған едік. Сол сапарда Тұманбай Молдағалиев ағамыз жүделі орынға ие болды. Бұл сапар біз үшін тек шығармашылық тәжірибе ғана емес, рухани жақындықты тереңдеті түскен ерекше кезең еді. Мұндай кездесулер ақындардың бір-бірімен сырласып, ішкі әлемін бөлісуіне, мұңдасып, жан дүниесін ұғынуына мол мүмкіндік беретін. Сол күндердің бәрі бүгінде жүрек төрінде сақталған әдемі естелікке айналды.

Кейін Алматыда өткен поэзия кештеріне де бірге қатысып, үлкен апаларымызға сәлем беріп баратын едік. Күләштің адамгершілік болмысы ерекше еді — өте жайлы, бауырмал, әр адамға жылы пейілмен қарай білетін жан болатын. Оның осы қарапайымдылығы мен кең жүрегі айналасындағы адамдарды өзіне тартып тұратын.

Күләштің жырларын ешкіммен шатастыруға болмайды, сонына қол қоймаса да нәзік әйел жүрегінің лүпілінен танитын едік.

Ол жасыл жапырақтың мезгілсіз үзілмегенін, қайтқан құстардың түгел оралуын тілейтін. Соның бәрін ғажайып жүрек дірілімен нәзік сезімді жолдармен өрнектеті.

Әйел жүрегі сезетін бөлек нақышпен жырлайтын ғажайып Ақын еді.

**Нәзира БАЙЫРБЕК,**  
журналист:

## САНАҒА СӘУЛЕ ТҮСІРЕДІ

Кейде өмірде бұрын басыннан өтпеген оқиғаларға, бұрын көрмеген жайттарға тап боласың. Бірақ олар соншалықты таныс сияктанады. Тәжірибен, білімің бар сияқты, жағдайды оңай түсініп, оңай талдап, шығар жолдарды тез көріп, оңай шешім қабылдай қоясың. Бұлай өмірді оңайлатуға бұрын сен оқыған кітаптар, сен көрген кинолар, болмаса сен әңгімелескен адамдар, олар саған айтқан сырлар себеп болады көбіне.

Маған да ақын Күләш Ахметовамен жақындау араласуым, ақын жайлы кітап жазуым дәл осылай өмірдің талай сәттерінде көмек болды. Маған кей кезеңдердегі кейбір қиындықтар мен қуанышты сәттер бұрын бетпе-бет келіп көрмеген, жаңа тәжірибе болса да маған соншалық таныс сияктанып отырды. Таныс тәжірибе, таныс сезімдер, таныс ойлар... Мен сол сәттерде өзімді қалай ұстау керектің, сол сәттен өзімді қалай алып шығуды қиналмай анықтай алатынмын.

Өйткені кейде Күләш Ахметова осындай жағдайларға тап болғанда қалай әрекет етер еді деген ой санамда еріксіз қылаң береді. Ол кісінің өмірінде болған оқиғаларды, сол сәттердегі шешімдерін іштей саралап, қайсысы дұрыс, қайсысы қате болғанын бағамдауға тырысамын. Содан өзіме сабақ алып, соның негізінде жеке шешім қабылдауға ұмтыламын.

Осылайша, ақынның өмірлік тәжірибесі мен ұстанымдары санамның бір түкпірінде үнемі жұмыс істеп, түрлі жағдайды таразылауға, дұрыс жол табуға бағыт беріп тұратындай.

Бұл әлгі «Күләш Ахметова» кітабын жазарда ақынның мені жазсынбай барынша ашылып, сырын айта білгенінен, ал менің ақынның жан дүниесіне терең үңіле алғанымнан, ақынның күйін сезіне алғанымнан болар деп ойлаймын. Былайша айтқанда, мен 2014–2016 жылдар арасында Күләш Ахметованың «аяккімің киіп», ақын жүрген жолдармен жүріп көрген сияктандым.

Біз адамдарды айтқан сөзімен, істейтін ісімен ассоциациялаймыз ғой. Маған Күләш ападан қоңырау немесе хат келсе, әлі ашып оқымай жатып көңілім қуанып, көзім жайнап, жүзім жадырап сала беретін. Хатқа жауап берерде қуанғаннан дауысым жіңішкеріп кететін еді. Тіпті, әлі хатты ашпай, қоңырауға жауап бермей жатып, бойымда осындай сәуле, жылылық тарап жататын. Өйткені ақын Күләш Ахметова өз-өзімен үнемі жұмыс істейтін, «жақсы ой ойлап, жақсы сөйле» принципін ұстанатын адам еді. Сол жақсы ойлары мен жақсы сөзі адамдармен қарым-қатынасына, барлық ісіне шуақ беріп тұратын. Жай ғана Күләш Ахметова деген сөзді айтқанда, естігенде күндей күлімсіреген, дауысы мейірімге толы, сондай жылы бейне көз алдына келе қалатыны да сондықтан.

Мені қуантатыны — ақынның бұл жылылығын оны көзімен көріп, әңгімесін тыңдап, жанында жүрген біз ғана емес, ақынның шығармаларын оқыған әр адам сезіне алады. Ақынның өлеңдері әлемнің 20 шақты тіліне аударылған болса, ақынның болмысының шуағы да сол 20 шақты тілде оқитын өлеңсүйер оқырманның санасына сәуле түсіріп отыр.

Өйткені Күләш Ахметованың әр өлеңінде ақынның нұрлы әлемінің шуағы бар. Осы шуақ ғасырлар бойы жүректерді жылытып, ұрпақ санасын сәулелендіре беретініне сенемін.

## МЕРЕЙ

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Дүниенің әр құбылысына қызығып, сан қырын түсінуге ұмтылатын жанның көкжиегі кеңейеді. Себебі ғылым мен білімге негізделген ақпарат – ой-өрісті шыңдап, дүниетанымды тереңдететіні сөзсіз. Осындай мазмұнды, деректі әрі сапалы контент ұсынатын National Geographic Қазақстан журналы биыл 10 жылдық мерейтойын атап өтіп отыр. Осы уақыт ішінде басылым табиғат, ғылым, тарих және қоғам тақырыптарын кеңінен қамтып келеді. Журнал оқырманның әлемді тануына, зерделі қоғам қалыптастыруға үлес қосты. Айшықты мерейтойы аясында танымдық журнал алғаш рет өз елшілерін (амбассадорларын) жариялады. Марапаттау рәсімі Nazarbayev University-де өтті.



### Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

National Geographic журналының 1,5 ғасырға жуық тарихы бар. 1888 жылы АҚШ-та 33 ғалымның бастамасымен жарық көрген бұл басылым уақыт өте келе әлемдік деңгейдегі беделді журналға айналды. Бүгінде ол 60-тан астам елде таралып, 38 тілде жарияланады. Солардың қатарында қазақ тілі де бар. National Geographic Қазақстан журналы – ТМД кеңістігіндегі осы брендті иеленген жалғыз басылым. Әлемдік брендтердің ішінде алғашқылардың бірі болып қазақша сөйлеген де – осы басылым. Танымдық журнал археологиядан бастап, ғарыштық зерттеуге дейінгі барлық тақырыпты қамтиды.

### САПАЛЫ КОНТЕНТ САНАЛЫ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Іс-шара барысында National Geographic Қазақстан журналының жауапты редакторы Айбын Шағалақ басылым жүзеге асырып жатқан жобаларға кеңінен тоқталып, олардың мазмұны мен маңызын атап өтті. Айтуынша, журналдың басты миссиясы – әлемнің ғажайыптарын халыққа таныта отырып, табиғатты қорғау мен сақтауға қоғамды жұмылдыру. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу материалдарын отандық оқырманға жеткізіп, қазақстандық ғалымдардың бәсекеге қабілетті жобаларын жаһандық аудиторияға таныту міндетін арқалайды.

– Осы уақытқа дейін Батыс және Оңтүстік өңірлерде 100-ге жуық семинар өткіздік. Бұл кездесулердің басты мақсаты – оқушыларды қайтсек ғылымға қызықтырамыз деген сауалдың жауабын табу, олардың зерттеушілік қабілетін дамыту. Екінші бағытымыз – журнал фотокөрмелері. Бұл арқылы жастар мен студенттердің арасынан болашақ халықаралық стандартқа сай кәсіби фотографтардың шығуына ықпал етуді мақсат етеміз. Үшіншіден, тұрақты түрде фотоэкспедициялар ұйымдастырамыз. Оның негізгі мақсаты – туризмді насихаттау, еліміздің көрікті жерлерін халыққа кеңінен таныстыру және ішкі туризмді дамыту. Фотоэкспедициялар, бір жағынан, журналдың фотокорын толықтырып, Қазақстанның тұмса табиғатын көрсететін құнды дереккордың

# Табиғатқа Жанашыр БАСЫЛЫМ

қалыптасуына негіз болып отыр, – деді Айбын Шағалақ.

Бүгінде білім мен мәдениетті дамытуға ықпал ететін маңызды халықаралық платформаға айналды. Бұл жоба әлемнің түкпір-түкпірінде қоғамға он өзгеріс әкеліп жүрген тұлғаларды танытуды мақсат етеді. Осыған орай Айбын Шағалақ әлемдік National Geographic журналының National Geographic 33 жобасын таныстырды. Айтуынша, айтулы жоба биыл екінші жыл қатарынан сәуір айындағы санын National Geographic 33 бастамасына арнап, ізгі істерімен ерекшеленген азаматтарды кеңінен насихаттап келеді.

– Осы жобадан шабыт алған біздің редакция, яғни жергілікті журнал, биыл өзінің 10 жылдығына орай «National Geographic Қазақстан елшісі» деген құрметті атақ тағайындауға шешім қабылдады. Өйткені, біздің елімізде де ғылымды дамытуға, табиғатты қорғауға және қоғамды жақсартуға үлес қосып жүрген, істеген ісі мен қызметі жаһандық National Geographic 33 рухымен үндесетін азаматтар



баршылық. Біз солардың атқарып жүрген ісіне өз құрметімізді білдіре отырып, еңбектеріне ел назарын аударғымыз келді. Бірақ оларды өзіміз тандай салмай, халықаралық National Geographic-тің бас редакциясының сараптауына ұсындық. Бас редакциямыз біз ұсынған 7-8 үміткердің жұмыстары мен қызметін ашық дереккөздер арқылы сараптай келе, ішінен екі адамға биыл жергілікті деңгейде құрмет көрсетуге кеңес берді, – деді А.Шағалақ.



Сөйтіп, «National Geographic Қазақстан елшісі» атағы отандық ғылымға еңбегі сіңген қазақстандық екі ғалымға табысталды. Каспий итбалығын қорғау бағытындағы елеулі еңбегімен ерекшеленген Әсел Тасмағамбетова мен инклюзивті коммуникацияны дамытуға қосқан үлесі үшін Нұрзада Амангелдінің еңбегі National Geographic-тің планетаны сақтау миссиясымен үндес деп танылып, журналдың арнайы елшісі атанды.

National Geographic Қазақстан журналы 10 жылдан бері қазақ тілінде сөйлетіп, оның дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан журнал редакторы Еркін Жақыповтың айтуынша, басылымның басты миссиясы – әлемді, планетаны сақтауға үлес қосу. Осы мақсатта әлемнің әр түкпіріндегі зерттеушілер мен ғалымдарға қолдау көрсетіліп, өзекті экологиялық және ғылыми тақырыптар тұрақты түрде көтеріліп келеді. Бүгінде журнал 100-ден астам нөмір шығарып, мыңдаған ғылыми материалды баспа және онлайн форматта оқырманға ұсынып отыр.

– Планетамыз ортақ болғандықтан, көтерілетін мәселелер де ортақ. Сол себепті әлемдік деңгейде жүргізілген ғылыми зерттеулерді қазақ тілінде қолжетімді ету – әлдеқайда тиімді жолдардың бірі. Бұл, ең алдымен, оқырманның функционалды сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Функционалды сауаттылық – алынған теориялық білімді күнделікті өмірде қолдана білу қабілеті. Мұндай контент тек ақпарат беріп қана қоймай, саналы таңдау жасап, сапалы шешім қабылдауға жетелейді. Мысалы, қазір экожүйелердегі кейбір құбылыстарды үстірт бағалау дұрыс шешімге алып келмеуі мүмкін. Әлемдік тәжірибеде жануарлар саны күрт артқанда, оларды азайту ұсыныстары болғанымен, ғылыми зерттеулер оның табиғи тепе-теңдікті сақтауда маңызды рөл атқаратынын дәлелдеген. Айталық, гну антилопасы саны шамадан тыс көбейген кезде де олардың популяциясын қысқарту ұсынылған. Алайда кейінгі ғылыми зерттеулер бұл көзқарастың қате екенін көрсетті. Ғалымдар анықтағандай,

соңғы 10 күн ішінде 191 итбалықтың өлексесі табылғаны туралы ресми ақпарат таралды. Сондықтан бұл түрді сақтау табиғатты қорғаудың және биологиялық әртүрлілікті сақтаудың маңызды бағыттарының бірі ретінде ескерілуге тиіс. Негізі, Каспий итбалығы популяциясының азаю себептерін Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты (CAIER) 2015 жылдан бері жүйелі түрде зерттеп келеді. Осы уақыт аралығында 10 халықаралық экспедиция ұйымдастырылып, оған Әзербайжан, Иран, Ресей, Норвегия, Сауд Арабиясы, Түрікменстан, Франция және Қазақстан ғалымдары қатысты. Соңғы зерттеу нәтижелері Каспий теңізі экожүйесінің экологиялық дағдарыс жағдайында тұрғанын көрсетеді. Су құрамының қышқылдануы мен ластануға төзімділіктің төмендеуі теңіздегі тіршілікке, әсіресе итбалықтардың денсаулығына тікелей кері әсерін тигізіп отыр. CAIER ғалымдары осы бағытта биологиялық негіздеме әзірлеп, нәтижесінде 2020 жылы мемлекет деңгейінде Каспий итбалығын қорғау шаралары қолға алынды. Ал 2019 жылы Ақтауда институт базасында Каспий итбалығын зерттеу және оналту орталығы ашылды. Бұл – Солтүстік Каспий өңірінде ветеринариялық көмек көрсетіп, популяцияның жай-күйін бақылаумен айналысатын бірегей мекеме.

Халықаралық ветеринариялық хаттамаларды негізге ала отырып, институт мамандары итбалықтарды емдеудің 63 арнайы әдістемесін әзірледі. Орталық жұмыс істеген уақыт ішінде 100-ден астам итбалық тексеріліп, оның 70-іне қажетті көмек көрсетілді.

– Мен үшін National Geographic Қазақстан журналының биылғы жергілікті нұсқасына енуі үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік деп түсінемін. Осындай сенім білдіріп, қолдау көрсеткендеріңіз үшін шыннайы алғысымды білдіремін. Каспий итбалығын қорғау жобасы – біздің жұмысымыздағы ең маңызды бағыттардың бірі. Бұл салада он жылдан астам уақыт бойы жүйелі түрде еңбек етіп келеміз. Осы аралықта ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, кешенді зерттеулер жүргізіп, ғылыми базамызды жаңарттық. Алайда Каспий теңізі экожүйесінің қазіргі жағдайы күрделі күйінде қалып отыр. Каспий итбалығы популяциясының азаюы – алаңдатарлық мәселе. Өйткені итбалықтың денсаулығы – теңіздегі экологиялық ахуалдың басты көрсеткіші. Жыл сайын жағалаудан мыңдаған өлі итбалықтың табылуы осыны айқын дәлелдейді. Сондықтан бұл марапат мен үшін екі сезім тудырып отыр: бір жағынан – қуаныш пен ризашылық, екінші жағынан бұл популяция әлі де толық қалпына келмеген. Біздің мақсатымыз ортақ деп санаймын. Бізді табиғатқа деген жауапкершілік пен жана-шырлық біріктіреді, – деді Әсел Тасмағамбетова.

Сондай-ақ іс-шара барысында Нұрзада Амангелді инклюзия бағытындағы бірегей жобасын таныстырды. Әлемде 120-ға жуық ым-ишара тілі бар және қарым-қатынас тек қол қимылымен шектелмей, бет әлпеті мен ерін қозғалысына да тікелей байланысты. Зерттеуші елімізде бірыңғай ым-ишара тілінің әлі толық қалыптаспағанын атап өтті. Қазақ тілі ортақ болғанымен, ым-ишара арқылы түсінісуде ішкі кедергілердің әсерінен түрлі нұсқа қалыптасқанын жеткізді.

жануарлардың көп болуы экожүйеге керісінше оң әсер еткен: олар шөпті тықырлап жегендіктен, күн сәулесінің жерге толық түсіп, топырақтың құнарлығы артқан. Сонымен қатар шөптің сиреуі орман өртерінің алдын алуға ықпал етіп, ағаштар мен құстар санының көбеюіне жағдай жасаған. Сондықтан кез келген табиғи құбылысқа ғылыми тұрғыдан баға беріп, салмақты шешім қабылдау маңызды, – дейді Е.Жақыпов.

### «NGQ ЕЛШІСІ» МОРАЛЬДЫҚ МІНДЕТ ЖҮКТЕЙДІ

Бүгінде National Geographic Қазақстан көптеген оқырман үшін әлемді танып-білудің сенімді дереккөзіне айналды. Осылайша, басылым табиғатты қорғау, экологиялық сананы қалыптастыру және білімге ұмтылу сынды маңызды құндылықтарды жүйелі түрде насихаттап келеді. Ғылымға Абай айтқан «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген құштарлықпен келген жас ғалымдардың бірі, алғашқы марапат иесі – Әсел Тасмағамбетова. Ол – Каспий теңізіндегі жалғыз сүтқоректі Каспий итбалығын қорғау мен сақтауға бар күш-жігерін жұмсап жүрген эколог. «Жалпы, итбалық санының азаюы бүкіл теңіз экожүйесінің табиғи тепе-теңдігін бұзуы мүмкін», – дейді ол. Небәрі

## БІЗДІҢ СҰХБАТ

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылы Қазақстанға шетелден 15,7 млн турист келген. Былтырғымен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 400 мың адамға артқан. Туристер ең көп келетін елдердің қатарында Қытай, Үндістан, Түркия, Германия және Оңтүстік Корея көш бастап тұр. Одан өзге, Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық индексінде Қазақстан 119 елдің ішінен 66-орыннан 52-орынға көтерілген. Біз жақында Қазақстандағы туризмнің қазіргі ахуалы туралы сарапшы Жансая Ғаниқызымен тілдескен едік.

**Жансая ҒАНИҚЫЗЫ,**  
туризм саласының сарапшысы,  
инфлюенсер:

## ТУРИЗМДЕ

## САПАҒА ЖҰМЫС ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК

— Жансая Ғаниқызы, қазір шетелге сапар жоспарлаған кез келген туристің алғаш болып мән беретіні — елдегі қауіпсіздік. Осыған дейін көбі Азиядағы қауіпсіздігі жоғары деген Таяу Шығыс елдерін жиі таңдайтын. Бірақ бүгінгі геосаяси ахуалға байланысты олар да бағытын өзгерте бастады. Осы тұста Қазақстан үшін әлемдегі геосаяси жағдайды пайдаланып, елге турист тарту сәті туып тұрған жоқ па?

— Әрине, бұл Қазақстан үшін қолайлы мүмкіндік деп айтар едім. Кейінгі жылдары туристер қауіпсіздік тұрғысынан Таяу Шығыс елдерін, әсіресе, Біріккен Араб Әмірліктері мен Қатар сияқты бағыттарды жиі таңдады. Бірақ әлемдегі геосаяси тұрақсыздық олардың бағытын өзгертуіне себеп болды. Менінше, Қазақстан бұл жағдайда өзін қауіпсіз, бейтарап және тұрақты ел ретінде көрсете алады. Себебі бізде ішкі саяси тұрақтылық бар. Табиғи, мәдени ресурстарымыз да сан алуан. Алайда біз бір маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Мүмкіндік өздігінен нәтиже бермейді. Егер біз халықаралық деңгейде өз орнымызды дұрыс айқындай алмасак, маркетинг пен бренд жасауды күшейтпесек, бұл мүмкіндікті басқа елдер пайдаланады. Сондықтан дәл қазір Қазақстанға мықты туристік PR мен стратегиялық коммуникация қажет. Сондай-ақ біз үшін ең маңызды бағыттардың бірі — сервис сапасын көтеру. Туризмде ең күшті жарнама — адамдардың тәжірибесі. Бұл дегеніміз, Қазақстанға келген турист елге оралғаннан кейін өзгелерге «Міндетті түрде барып көріңдер» деп кеңес беруі тиіс. Қазір біз осы бағытқа енді ғана ақырындап келе жатырмыз. Бірақ, шынын айтқанда, қазір Қазақстан көбіне толыққанды бағыт емес, транзиттік ел ретінде қабылданады. Мысалы, көптеген турист неге Өзбекстан немесе Қырғызстан бағыттарын таңдайды? Себебі оларда қалыптасқан баға сегменттері бар, сервис деңгейі тұрақты және туристерге таңдау берілген. Жеке саяхаттайтын турист үшін ол елдерде маршрут құру оңай, баға да түсінікті әрі қолжетімді. Ал бізде кей жағдайда баға жоғары, тіпті базалық қызметтердің өзінде айырмашылық байқалады. Өкінішке қарай, елге келген туристер такси бағасының негізсіз қымбаттауына жиі тап болатынын көріп жүрміз. Десек те, бұл бағытта нақты өзгерістер бар. Мәселен, Алматы халықаралық әуежайы аумағында арнайы тіректер орнатылып, туристерге Яндекс Go арқылы жергілікті тұрғындар сияқты такси шақыру мүмкіндігі

берілді. Бұл кішігірім болса да өте маңызды қадам дер едім. Тағы бір атап өтерлік маңызды мәселе — Қазақстан туризмін тек Алматы мен Астана арқылы қабылдау. Қазақстан — кең-байтақ даланы алып жатқан ел. Біздің әлеуетіміз тек екі қаламен шектелмейді.

— Сапа демекші, баға мен қызмет көрсету деңгейі арасындағы сәйкессіздік туралы көп сын айтылады. Туризм саласында бағаның бұлай шарықтауы нақты бір шығындармен байланысты ма, әлде реттеудің әлсіздігінен туған жағдай ма?

— Бұл жерде бір ғана себеп бар деп айту қиын, менінше, екі фактор қатар әсер етіп отыр. Бір жағынан, шығындар расымен аз емес. Әсіресе, логистика, инфрақұрылым, сервиске кететін шығындар жоғары. Екінші жағынан, бұл әрине жүйелік басқарудың әлсіздігі. Баға өсімін тек объективті шығындармен түсіндіру аздық етеді. Сапа стандарттары толық қалыптаспаған, бақылау әлсіз, ал кейбір ойыншылар нарықта ұзақмерзімді беделден гөрі қыскамерзімді табысқа көбірек мән береді. Сол үшін де нарықта біркелкілік жоқ. Мысалы, бір өңірде сол бағаға шынымен сапалы қызмет аласыз, ал басқа жерде дәл сондай ақша төлегеніңізбен, мүлде басқа деңгей ұсынылады. Бұл турист үшін сенімсіздік тудырады. Туризмде тек табиғаттың әдемі болуы жеткіліксіз, ең басты дүние — жергілікті адамдар мен мәдениет. Қонақты қалай қарсы алды, қандай деңгейде қызмет көрсетті, қандай эмоциямен шығарып салды — осының бәрі елдің имиджін қалыптастырады. Өкінішке қарай, бізде сервис тұрақсыз. Кейде бір сапарда өте жақсы тәжірибе аласыз, ал келесі жолы дәл сондай бағаға көңіліңіз толмай қайтады. Шындығын айтқанда, кейде турист нақты не үшін ақша төлеп жатқанын түсінбейді. Бұл да сенімге әсер етеді. Осы тұста мәселе тек экономикада емес деп ойлаймын. Егер біз туризмді тұрақты табыс көзіне айналдырғымыз келсе, онда қыскамерзімді пайдадан гөрі сапа мен репутацияға жұмыс істеуіміз тиіс.

— Шындап келгенде, көбі қаражатты сыртқа шашпай-ақ, өз еліндегі туристік орындарды таңдағысы келеді. Бірақ Қазақстанда демалу құны неге кейде шетелден де асып түседі?

— Иә, бұл сұрақты көпшіліктен жиі естимін. Орынды сын. Енді мәселенің негізгі себептеріне тоқталайық. Біріншіден, бізде туризм әлі толыққанды индустрияға айналған жоқ. Мысалы, Түркия немесе Египет елдерінде туризм экономиканың негізгі салаларының

бірі. Онда инфрақұрылым толық, бәсеке жоғары, ал баға саясаты жүйелі түрде реттелген. Ал Қазақстанда маусымдық мерзімі қысқа, логистика қымбат, туристік нысандар аз, шашыраңқы және қызмет көрсету нарығында бәсеке төмен. Екіншіден, кей жағдайларда баға сапаға сәйкес келмейді. Бұл, яғни, нарықтағы реттеудің әлсіздігінен және сапа стандарттарының жеткіліксіздігінен туындап отыр. Бұл ретте салада тәжірибелі мамандардың жетіспеуін атап өту қажет. Туризмді дамыту үшін бізге халықаралық тәжірибесі бар сарапшылар, стратегиялық ойлайтын менеджерлер, сервис мәдениетін қалыптастыратын кәсіби кадрлар керек. Ең әуелі адам капиталына инвестиция салған тиімдірек деп санаймын.



**Туризмде тек табиғаттың әдемі болуы жеткіліксіз, ең басты дүние — жергілікті адамдар мен мәдениет. Қонақты қалай қарсы алды, қандай деңгейде қызмет көрсетті, қандай эмоциямен шығарып салды — осының бәрі елдің имиджін қалыптастырады.**

Себебі сапалы туризм ең алдымен, сапалы мамандардан басталатынын ескерген абзал.

— Қазақстан аймақтарында көбіміз біле бермейтін, әлемнің талай кереметімен тең түсетін ғажайып орындар көп-ақ. Бірақ нәліктен олар туризм нарығында әлі де танымал бағыттардың қатарында емес?

— Қазақстанда әлемдік деңгейдегі локациялар расымен көп. Мысалы, Шарын шатқалы немесе Бозжыра сияқты жерлерді визуал тұрғысынан Гранд-Каньонмен салыстыруға әбден болады. Бірақ мәселе олардың әлеуетінде емес, сол әлеуетті қалай ұсынып отырғанымызда. Қазір бұл бағыттардың халықаралық деңгейде кең танылмауының бірнеше нақты себебі бар. Ең алдымен, жүйелі маркетингтің жоғы. Екіншіден, халықаралық медиада көріну деңгейі төмен. Әлемдік аудитория Қазақстандағы туризм туралы тұрақты түрде ақпарат алып отыр деу қиын. Үшін-

шіден, әлі де сапалы инфлюенсерлік және цифрлық контент аз. Тағы бір маңызды фактор — қолжетімділік. Қазақстанның географиясы кең, арақашықтық ұзақ. Ал кейбір туристік нысандарға жету қиын. Бізде табиғаты керемет орындар болғанымен, оған жету барлық турист үшін оңай шаруа емес.

— Қазір Қазақстанда сұранысқа ие туристік бағыттар қандай? Олардың арасында туристік әлеуеті жоғары, бірақ әлі күнге дейін толық ашылмаған бағыттар бар ма?

— Бүгінде Қазақстандағы негізгі туристік ағын бірнеше бағытта шоғырланған. Алматы — табиғи туризмнің орталығы болса, Астана — іскерлік қала, ал Түркістан — рухани туризмнің негізгі нүктесі. Сонымен бірге сіз айтқандай, әлеуеті өте жоғары, бірақ толық ашылмаған локациялар да көп. Мысалы, Бозжыра визуал тұрғысынан әлемдік деңгейдегі ерекше табиғи феномен. Катон-Қарағай экотуризм үшін өте қолайлы, табиғаты сақталған бірегей аймақ. Ал Келіншектау кинотуризм мен storytelling үшін ерекше орын. Өкінішке қарай, бұл өңірлердегі басты мәселе — инфрақұрылымның әлсіздігі мен жүйелі ілгерілетудің жоқтығы. Егер стратегия дұрыс құрылса, олар халықаралық деңгейдегі брендке айналар еді. Қазақстандағы туризм аталған бағыттармен шектелмейді. Негізінде, әрбір өңірдің өзіндік бірегей ерекшелігі бар. Кейбір турист тарих іздеп келеді, біреу табиғатқа барады, енді бірі тыныштық пен аутентикалық тәжірибені қалайды. Ал Қазақстанда осының бәрі бар. Мысалы, көп жағдайда назардан тыс қалып жатса да, Орталық Қазақстан өңірінде тарих пен этнографияға бай туристік орындар жеткілікті. Сол сияқты Солтүстік Қазақстан табиғаты, көлі мен орманды аймақтары арқылы келушілеріне ерекше демалыс ұсына алады. Бірақ бұл бағыттар туралы ақпарат аз. Мұндай орындар елімізде жеткілікті деңгейде насихатталмайды. Сол үшін де қазіргі басты міндетіміз — тек дайын бағыттарды дамытып қоймай, Қазақстанның барлық өңірін туристік картаға енгізу керек екенін айтқым келеді.

— Ішкі туризмді халыққа қолжетімді ету үшін сала сарапшысы ретінде қандай шешімдер ұсынар едіңіз?

— Әуелі ішкі туризмге тек бизнес көзі ретінде қарауды доғару керек. Біз бұл саланы әлеуметтік және стратегиялық сала ретінде қарастыруымыз қажет. Өйткені туризм дегенде біз көбіне шетелдік туристерді елестетеміз. Ал шын мәнінде, басты аудитория — өз азаматтарымыз. Қазір қазақстандықтардың ел ішінде саяхаттауға қызығушылығы өсіп келеді. Енді нақты қадамдарға келсек, біріншіден, логистика мәселесін шешу керек. Яғни, ішкі әуе және теміржол билеттерін субсидиялау, туристік аймақтарға арнайы жеңілдетілген пакеттер енгізу маңызды. Сонда ғана адамдар өңірлерге еркін қатынай алады. Екіншіден, отбасылық және студенттік туризмді қолдау. Бұл — ішкі туризмді жандандыратын ең белсенді сегменттердің бірі. Үшіншіден, өңірлердегі шағын және орта бизнесті ынталандыру. Туризмнің дамуы жергілікті кәсіпкерлердің қызметімен де байланысты. Төртіншіден, ұлттық туристік өнімді жүйелеу. Туристер мен жергілікті тұрғындар үшін әртүрлі тариф қарастыру қажет. Бұл халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Мысалы, Тайланд немесе Индонезия сияқты елдерде жергілікті тұрғындарға қолжетімді баға, ал шетелдік туристерге нарықтық баға ұсынылады.

— Кейінгі уақытта қоғамда «Шымбұлақтағы» тариф құнына қатысты шағымдар жиі айтылып жүр. Шенеуніктер демалыс орны жекеменшікке тиесілі болғандықтан, бағаны реттей алмайтынын ашып айтқан. Осы мәселенің аясында мынадай сауал туады. Елімізде халықаралық маңызды бар туристік нысандардың тек коммерциялық логикаға бағынуы қаншалықты әділетті?

— Мұнда бір нәрсені нақты түсініп алу керек. «Шымбұлақ» — жай ғана бизнес нысаны емес. Ол — Қазақстанның халықаралық деңгейдегі туристік имиджін қалыптастыратын стратегиялық брендті. Сондықтан мұндай нысандарды тек нарық заңымен жұмыс істейтін коммерциялық объект ретінде қарау жеткіліксіз. Иә, ол жекеменшік. Иә, бизнес табыс табуы керек. Бірақ сонымен қатар ол әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамдық қолжетімділік қағидаларына негізделуі тиіс. Өйткені мұндай стратегиялық нысандардағы баға тек коммерциялық құрал емес. Бұл — ішкі туризмнің қолжетімділігі, халықтың демалыс мәдениеті, тіпті шетелдік туристің Қазақстан туралы алғашқы пікірі. Егер баға саясаты тек қыскамерзімді табыс логикасымен шектелсе, онда бұл ұзақ мерзімде бірнеше тәуекелге әкелуі мүмкін. Осының салдарынан жергілікті халық үшін ел ішіндегі туристік орындар қолжетімсіз болып кетеді. Екіншіден, ішкі туризм баяулайды. Одан бөлек, «қымбат, бірақ сапаға сый емес» деген имидж қалыптасуы мүмкін. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мұндай стратегиялық нысандарда әрқашан баланс сақталады. Бұл модельде бизнестің өзінің экономикалық тиімділігін сақтайды, алайда мемлекет пен қоғам мүддесі де қатар ескеріледі. Бұл қалай жүзеге асады? Мысалы, әлеуметтік тарифтер, маусымдық жеңілдіктер, жергілікті тұрғындарға арналған арнайы ұсыныстар, икемді баға саясаты арқылы. Негізгі мәселе бағаның өзінде емес, оның қалай қалыптасып, қандай стратегиямен басқарылып отырғанында.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## АЙҚЫНДАМА

25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: АБАЙ ОБЛЫСЫНДА 67 МЫҢ АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ ЖОСПАРЛАНҒАН

Абай облысында 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру бойынша жоспар бекітілген. Онда 44 іс-шара қарастырылған. Соның 32-сі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жүзеге асырылмақ. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Теміржанов мәлімдеді.

Жылдың бірінші тоқсанында бірқатар жұмыс атқарылған. Білім беру ұйымдарында экологиялық тақырыпта эссе

байқаулары өтіп, мектептерде сынып сағаттары ұйымдастырылған. 5-6-сынып оқушылары арасында ProEko жобалар

байқауы өтіп, 38 жобаның ішінен 17-сі жүлделі орынға ие болған. Сонымен қатар облыс бойынша 28 экологиялық мәдени іс-шара өткізілген.

«Облыс әкімінің өкімімен 3 сәуір мен 31 мамыр аралығында санитарлық-экологиялық екі айлық жарияланды. Осы кезеңде сенбіліктер ұйымдастырылып, арнайы техника тартылды. Нәтижесінде, 12 218 аула, 97 саябақ, 57 ескерткіш аумағы тазартылып,

2 897 тонна қалдық шығарылды», – деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар су айдындары мен арықтар тазартылып, көгалдандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Биыл 67 мың ағаш отырғызу жоспарланған болса, қазір 431 көшет егілген.

Экологиялық құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында да жұмыс күшейтіліп, ӘҚБтК-нің 505-бабы бойынша 4 171 әкімшілік хаттама толтырылып, 9,1 млн теңге көлемінде айыппұл салынған. Алдағы уақытта сенбіліктерді тұрақты өткізу, аумақтарды таза ұстау және санитарлық талаптарды сақтау бойынша жұмыс жалғаспақ.

**Сатып алуды ұйымдастырушы:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі - Университет).

**Мекенжайы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

**Байланыс телефоны:** +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

**Сатып алу әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі - Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №1,2, №1 оқу ғимараттары және клиника, кітапхана, №1 оқу ғимараты бас кіреберісі, №2 оқу корпусы бас кіреберісі бөліктерін жарықтандыру және жарықшамдарды монтаждау бойынша жұмыстарды сатып алу. Жөндеу жұмыстары жобалық смета құжаттарына сәйкес жүргізіледі және жарықшамдар сапасы қосымша құжаттарда талап еткен сападан кем болмауы қажет.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Жұмыстарды орындау мерзімі – 45 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары, уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі. Жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 214 кабинеттен алуға болады.

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 18.05.2026ж. (12:00), 201 кабинет.**

**Сатып алуды ұйымдастырушы:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі - Университет).

**Мекенжайы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

**Байланыс телефоны:** +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

**Сатып алу әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі - Регламент) 23-бабы f)-тармағы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №2 оқу корпусы ғимаратының алдыңғы және қапталы қасбетін жөндеу жұмыстарын сатып алу. Жөндеу жұмыстары жобалық смета құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Жұмыстарды орындау мерзімі – 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары, уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсаты және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі. Мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 214 кабинеттен алуға болады.

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 04.05.2026ж. (12:00), 201 кабинет.**

«Күлкінің жеңбейтін  
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады,  
шаққан жері жара болады».

Оспанхан дүбәкіров

«Күле білу – өмір,  
күлдіре білу – өнер,  
күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

# АРА



№178

25.04.2026ж

«Айқынның»  
сатиралық қосымшасы

## БҮЛДІРГІ ЖЫЛАП ЖІБЕРДІ

Бүлдіргі Былықбаев «қарап жүргенше қалғып жүрейік» демекші, қарап жүре алмады, блогерлер бірлестігі деген бірдеңе ашты. Бірдененің бірденесі бүлінді ме, кім білсін, барлық блогерлерді бастарынан ұрып санап тұрып жинап алып, алқалы басқосу өткізді.

– Блогер бауырлар! Бәріңіз де білесіздер, бүгінде қоғамдық бірлестіктер озып тұр. Олар алмаған атақ қалмады. Мемлекет бізге келгенде үнсіз қалады. Неге? Өйткені оларға біздің дауысымыз жетпей жатыр, – деп Бүлдіргі ентігіп барып, алдындағы бөтелкеден бір стакан су алып ішті.

– Неге? Әкімқаралар блогер десе індеріне кіріп кетеді емес пе? Сіз бұлай блогерлердің қадірін түсірмеңіз. Ана жолы шуақты жақтағы бір қаланың әкімі Астанада баспасөз мәслихатын өткізгенде жанына блогер бауырын ерте барып, жан-жақтан аш қасқырша талаған журналистерден арашалап қалған жоқ па еді? Мұны қайда қоясыз? – деп бір бұрыштан блогер бұралаңдап тұрып еді, оны Бүлдіргі суық сөзбен жасқап тастады.

– Иә, қоғамда блогерлердің беделі артып келеді. Оған күмәніміз жоқ. Бірақ мәселе басқада.

Залдан біреу айқай салды.

– Ашып айтсаңызшы, басқада болғанда неде?

– Әй, тағат деген бар ма сенде?

– Сағат дедіңіз бе? Иә, барлығымыз жетісіп отырған жоқпыз. Уақыт тығыз. Бір әкімді қорқытып, бірденесін алуым керек еді, асығып отырмын. Сіз шақырды деген соң...

– Енді келген екенсің. Шыда. «Сабыр түбі – сары алтын» дегенді білмеуші ме едіңіз?

– Сары алтынның болса, шыдайық енді.

– Ал, халайық! Картаны ашайық. Расында, ат басындай алтынымыз бар.

– Бәрекелді!

– Міне, азамат!

– Басшы болсаң, осындай бол!

Бүлдіргі алдындағы стақанды қаламмен ұрғылап көріп еді, жиналғандар басылмады. Сосын үстелді жұдырығымен қойып қалды. Дабырласып отырғандар тына қалды.

– Блогер бауырлар! Бүгінде осы екінің бірі, егіздің сыңары атақ алып жатыр. Біз неге атақтан жұрдаймыз? Біреулер бізді бәлекор дейді. Біреулер паракор дейді. Енді бұған жарнама жасап, бастары бәлеге шатылған әріптестеріміз кінәлі. Бір әріптесіміз полицейлерге соқтығамын деп сотты болайын деп жатқанға ұқсайды. Бәлесінен аулақ. Бізге жұрт сияқты жарқырап жүретін абыройлы атақ керек. Қалам ұстағандардан қай жеріміз кем? Сөз құрай алмасақ та, «без» құрай алатын өнеріміз бар. Қане, қандай ұсыныстарыңыз бар? Бізге қандай атақ лайықты? Өкіметке хат түсіреміз.

Бүлдіргі Былықбаев орнына отырар, отырмас жиналғандар жамырап кетті.

– «Беделді блогер»!

– «Елге еңбегі сіңген блогер»!

– «Еліміздің аса мәртебелі блогері»!

– «Құрметті блогер»!

– «Бақытты блогер»!

– Меніңше, «Ел аузындағы блогер» деген олқы болмайтын сияқты.

Төраға орнынан тұрып, келгендерге қарады.

Маңғзданып жан-жағына көз салды. Сосын мойнын түйеше созып:

– Бауырлар! Меніңше, жақсы ұсыныстар түсті.

Осы жиыннан хаттама түзіп, жоғарыға жібереміз.

Ұсынысымызды қабылдаса, атақ-даңқтан біз де құралақан қалмаспыз. Біз кімнен кембіз? – деді көзі жасаурап.


Жиналғандар жапатармағай орындарынан тұрып, ду қол шапалақтады. Біреулері еңкілдеп жылап жіберді. Оған Бүлдіргі де қосылды.

Несі бар, таяу күндері көшелерден кеуделеріне «Беделді блогер», «Құрметті блогер» деген төсбелгілер таққан жандарды көрсек, таңғалмаймыз енді.

Ал сізге қандай атақ керек?

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

## МЕН –



Халық қалаулысы деген ат қандай жақсы! Ел-жұрттың алдында жүресің. Сен келе жатқанда жұрт алдында қоғадай жапырылып, қайда бұрылсаң, сол жаққа күнбағыстай басын иіп тұрады. Сондықтан мен жанбағыс пен күнбағысты жақсы білемін.

Жұртты өзіме қарата жауандатып кою әдісін біршама меңгердім. Әйелімнің атына тіркеген бизнесімді енді жау алмайды. Биік мінберлерден сөйлеп, биік астаулардан жем жеп жүрмін. Күнбағыстарым маған қарай иіліп тұрады. Мен оларға қарап бұйырып тұрамын.

Енді ешкімге сыр шашып қоймаңыздар, бұл депутат дегеніңіз барып тұрған майхана екен. Шайхана десе де болады. Әкімдіктегілердің тілін тапсаңыз, тендер біткен сенікі. Айтпақшы, тендер беруге көмектескен адамға «шляпа» беріп қоясыз. Бұл – жанбағыс деген амалымыздың анықтамасы.

Енді депутат болып, оның үстіне кәсіпкер болып тұрып Айды аспанға шығарып жүрмесен, нен депутат? Саған да біреу сыртынан сүйсіне қарап тұруы керек емес пе? Не амал істесем екен?

Осы біздің қазақ деген халық бар ғой, данышпан! «Атың шықпаса жер өрте» дейді. Ойбай-ау, жер өртеп нем бар? Сол күні-ақ полицейлер келіп, қолымды артыма қайырып түрмесіне жап-

пайды ма? Менің депутаттық мандатыма қарайды дейсің бе? Ендеше не істеуім керек?

Таптым! Бір әріптесіміз жүріп-жүріп отызға келгенде үйленетін болды. Сірә, «отыз-ында орда бұзбасаң, қыркында қыр аспайсың» дегенді сайтан құлағына сыбырлады-ау деймін. Осы әріптес достың беташарында жұртты таңғалдырудың орайы өз-өзінен келіп тұр емес пе? Жиналғандар ауыздарын ашып, көздерін жұмып таңғалғандарынан талып қала жаздайтын бір көрініс қойсам ғой, қатып кетпейді ме? Сонда менің депутат атыма Атымтай Жомарт атым үстемеленбейді ме? Әй, өзім де кумын ғой. Деруе іске кірістім.

Сол күні төсқалтамды, жанқалтамды тенгелерге толтырып, беташарға алшаң басып бардым. Беташатын жігіт қолына оқтауын, жо-жок, домбырасын алып, беташарды әуелетіп бастап

кетті. Ортадағы банкке әркім саусағының арасына қысып қана әкеліп, бірдене тастап жатыр. Мына біреу жомарт екен, он мың теңге тастады. Қарай гөр! Мынауыс қайтеді-ей! Не тастап жатыр? Е, бес жүз мың теңгелік екен ғой. Бәсе, неге бүгежіктеп еді деп едім. Әй, мына біреудің ортаға ойқастап шыққаны несі? Сірә, доллар тастайтын шығар. Жоқ, бұл да қатырмады. Түйедей тайрандап шыққанына қарағанда, кемінде жүз доллар тастайтын шығар деп ойлап едім, бір уыс бүктелген бірдене тастап жөнөп берді. Сірә, жомарт көрінгісі кеп кетті-ау деймін.

Жомарттың көкесін мен көрсетейін бұларға. Атым аталғанда ортаға асықпай маң-маң басып шықтым. Мына қалтамнан да, ана қалтамнан да бума-бума теңгелерді алып шығып, біртіндеп санап тұрып банкке салып жатырмын. Жиналғандар талып қала жаздады. Бет ашып тұрған жігіттің банкке түсіп жатқан теңгені санаймын деп ауызы көпіріп кетті. Ал бейнежазбаға түсіріп тұрған оператор жігіт шайқатылып құлап қала жаздады. Айнала ысқырық, қол шапалақтауға толып кетті. Еліріп, билеп жүргендер көбейді. Жер тепкілеп, ай-қайға сүрең қосушылар көбейді. Соларға елітіп қалдым-ау сірә, мен де желіге түстім. Тенгені әуелете көтеріп, бұрқырата шашып, банкке тастап жатырмын.

Бір кезде қарасам, мекеме-міздегі жұмысшыларға тарататын 25 миллион теңгені түгел банкке тастап жіберіппін. Енді айтпау керек, айтқан соң қайтпау керек. Банкке түсіп кеткен теңгені қайтып ала алмайсың. Алсаң ұятты болсаң. Депутат басынмен ұятты болған қандай жаман! Құрысын! Бетті бастым. Ортадан тұра қаштым.

Тегі, 25 миллион деген мен сияқты кәсіпкерге не тұрады? Бастысы, беташарға жиналғандарды бір таңғалдырдым. «Әншейінде қалтасында осынша қаржы жүрсе, мықтағанда қалтасынан қанша теңге шығар екен?» деп қыз-келіншектер қырылып қала жаздады. Маған керегі де осы!

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



# ТАСҚА АЙНАЛҒАН АУЫЛ

(ӨЗІЛ ӘНГІМЕ)



Кенес одағы кезінде отыз жыл қой баққан, жүз койдан екі жүз козы алам деп, уәде берген атақты қойшы Қойлыбай Майлыбаевқа ескерткіш орнату туралы жоғарыдан ұсыныс түсті. Жобаны талқылауға ауыл тұрғындары мәдениет үйіне түгел жиналды. Әкім Талтаңбай Салпаңбаев терлеп-тепшіп әйгілі шопан туралы екі сағат баяндама жасады.

«Мынау кім? Ауылға ескерткіш тұрғызуды қашан тоқтатасыздар? Басқа айналысатын шаруа жоқ па?» — деп сұрақты төтесінен деп қоятын Намысбек он бес күндік абақтыда жатыр. Тұрмыс тауқыметі туралы дабыл қаққаны үшін қамалды. Әйтпесе, бүгінгі отырыстың ойранын шығаратын еді.

— Бұл кісі өзі өмірде бар ма? — деді ауылға былтыр көшіп келген Жөкетай.

— Не айтып тұрсыз, тірі адамға ескерткіш қоймайды ғой, — деп мәдениет үйінің директоры Жыршыгүл ұрысып тастады. Әрі қарай ескерткіштің түпнұсқасы қандай болатыны туралы сөз қозғалды.

Бас сәулетші:

— Жерлестер, Қойлыбай ағамыз қолын көтеріп тікесінен тік тұрсын ба, әлде орындықта шалқып отырсын ба?

— Шырағым, ол жазушы не болмаса қоғам қайраткері емес қой, мұндай үлгідегі тас мүсіндер өте көп. Қой баққан адамды қолына таяқ ұстатып, жайдақ аттың үстіне отырғызу керек, —

деді көпті көрген Қауғабай шал. Халық қол шапалақтады. Залда отырған бір әйел айқайлады. Есімі — Майқұйған.

— Бұл Қойлыбай немене қойды жалғыз өзі бағып па? Әйелі марқұм Шайқұйған менің туған сінлім, оған да ескерткіш орнату керек, — деді. Халық тағы қол соқты. Әкім бас сәулетшіге қарады.

— Иә, сіз орынды айттыңыз, Шайқұйған жеңгемізді де жобаға кіргіземіз. Ол кісі өрістен келе жатқан Қойлыбай ағамызды шоқ самаурынға шәй қайнатып күтіп тұрады. Тамаша безендірілген сәулет өнері болайын деп тұр, — деп бас сәулетші мақтанды.

— Айналайындар, бастамаларың дұрыс екен, бірақ Қойлыбай атақты шопан болғанымен қойды баққан мына мен, оған отыз жыл жәрдемші болдым, — деді, сексенді алқымдаған бір қаусаған шал.

— Ата, тірі жанға ескерткіш қойылмайды жаңа айттым ғой, — деп Жыршыгүл шаңқ етті.

— Қарағым, онда тұрған не бар? Кеудемде жаным бар кезде тас мүсінді көріп кету арман болып тұр...

Әлгі қария көзіне жас алды.

— Өте дұрыс, еңбек еткен адамды бағалау керек. Бізде әділдік жоқ, — деген дауыстар жамырай жөнелді. Жәрдемші бір ауыздан жобаға кірді. Тағы біреу тыныштықты бұзды. Алпысқа келсе де арақтан аузы құрғамайтын Советбай сахнаға шықты. Әдетінше қызыңқырап алыпты.

— Әкім бала, Қойлыбай ағамның аруағы риза болсын, бірақ мына мен қыста трактормен жемшөп тасымағанда оның қойлары аштан қырылатын еді. Маған неге ескерткіш қоймайсындар? Тоқалдан туғаным жоқ.

— Бұйырса, болашақта ескереміз, — деді әкім.

— Қайдағы болашақ? Давай, жобаға қазір қос, — деп дау шығарды. Оған әйелі Шапанай қосылды. Ғимаратты басына көтерді. Шиленис әрі қарай ушығып кетпес үшін Советбай тізімге қосылды. Трактормен шөп тасып жүрген кезі үш метр тасқа қашалатын болды. Бұдан кейін ұлы айқай басталды. Ақыр аяғында ауылға Қойлыбай шопанның ұл-қыздары мен құда-жекжаттарына да бір-бір ескерткіштер орнатылатын болды. Бас сәулетшінің басы қатты. Әкім жобаға соншама қаражатты қайдан табу керек екенін ойлап отыр. Сөзді ауылдағы ақсақалдар ұйымының төрағасы Кетшібай алды.

— Әкім мырза, сіз осы ауылға көп еңбек сіңірдіңіз. Мына ұлы жоба өте керемет болайын деп тұр. Тек бір тамаша тұлғаның ескерткіші жетіспейді.

— Ол кім? — деді бас сәулетші абырап.

— Талтаңбай Салпаңбаев. Залда отырғандар: «Бәрекелді, табылған ақыл», — деп Кетшібайдың сөзін әрі қарай іліп әкетті. Талтаңбайды жеті атасына дейін жеткізіп мақтады.

Әкім жобаға енді.

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

## АДАМДАР НЕГЕ АШУЛАНАДЫ? (ӨЗІЛ ӘНГІМЕ)

Көшеде келе жатсам бір әйел электр тірегің таяқпен тарсылдатып ұрып жатыр.

— Онбаған, сендерді көрсем жынып қозады. Беттерің былшып бұл жерде қалай тұрсындар? Анау көшенің жолдарын қарашы, көлік түгілі жаяу адам жүріп өте алмайды. Мемлекеттің қаржысына қақалып қалғырлар, жемқорлар, ұялмайсындар ма? Бетсіздер...

— Кешірініз, кімге айтып жатырсыз? — дедім.

— Мына кісіге, — деді «столбаны» көрсетіп.

— Бұл адам емес қой.

— Білем, осы ауданның әкімі ғой.

— Мен әкім көріп тұрған жоқпын, — дедім танданып.

— Соқырсыз ба?

— Жок, мынау — электр тіреуі, — деп жеңсік бермедім.

— Сіз түсінбей тұрсыз, мен осы бөренелерді әкім-қараға ұқсатамын да күнде шыбықпен сабаймын. Әйтпесе, ашуым басылмайды, — деді әлгі әйел тұтығып. Аңадай жерде тағы біреу жерде жатқан бетон тасты тепкілеп тұр.

— Бұл не жатыс? Халық сендерге сеніп жүр. Көшеде беті-аузын жауып, бүркеніп алғандар толып кетті. Кімнің ұры, кімнің қаракшы екенін ажырата алмай қалдық қой. Әй, сендер қатындардан басқа кімге күштерің жетеді? Аузын ашқанды түрмеге қамайсындар. Өй, кара бет, — деп қояды. Кім екені айтпаса да түсінікті болды. Бір шіріген бөренеге бала-шаға құмырсқадай үймелеп түкіріп жатыр.

Ойланып қалдым. Бұл кім екен?

Қазірде ашушан адам көп. Бәрі «нервный» ғой. Аузынды

ашсаң, сабап тастауға дайын тұрады. Бірақ мынау жыныңды таркатуға жақсы тәсіл екен.

Содан үйге келдім де аулада өсіп тұрған кәрі ағашты сөктім. Жеті атасынан бері қарай боктадым.

— Отыз жыл болды шашымды ағарттың. Бір өзгеріс жоқ. Не көктемейсің, не көгертпейсің, беріп жатқан жемісің тағы жоқ. Жаныңда арамшөп сияқты қаулап өскен шыбықтарың да өзін сияқты. Бір гүлдегенін көрмедім. Осы тұрған жерінде арамен түбіннен кесіп тастайын ба? Сені базардан сатып алып отырғызғанда сатушы «алмаға қарық боласындар» дегені қайда? Қашаңғы күтемін. Алма түгілі айналана түсер көлеңке болмай тұр, — деп айқайға бастым. Өзім еккен ағашқа қол көтеруге дәтім бармады. Тек қатты ұрыстым. Айтарымды айттым. Ішім жартылай босап қалды. Үйге кірдім. Шифонерде ілулі тұрған әйелімің бес жүз мыңға несиеге алған «шубасын» киім ілгішке іліп қойдым да әйдә сабадым. Осы тонды көрген сайын ішім күйеді.

— Бейшара, бала-шаға нанға жарымай отырғанда үстіңе кигенің мынау, саған бекерге үйленіппін. Одан да Майлыбайдың өзі артымнан қалмай жүрген тәмші қызын алғанда әлдеқашан жақсы өмір сүретін едім, — деп жұдырықпен соққылай бастадым. Айтпаған сөзім қалмады. Қымбат іштің бір түймесін жұлып алдым. Жағасынан алып жерге салып, аямай мыжғылады. Ой бір рахаттанып қалдым. Сыртқа шықсам, филармонияда жасайтын көршім, керемет күйші жігіт бір қап қиды ауласында төмпештеп теуіп жатыр.

— Домбыраны харам деген қалай екен. Обалың жоқ, мә, саған, — деп айқайлап қояды. Өзіме қарамай күліп жібердім.

Иә, «Таз ашуын тырнадан алады» деп халық рас айтқан екен-ау...

Н. ЖҰБАТҚАН



## КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫЛАТАР ЖАҚЫЛТНАШ

Ат жемейтін,  
Ащы шоптің  
Шыққанынан,  
Шықпағаны жақсы ма?  
Шықпағанынан  
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай  
Дойбы ойнады.  
Омбай оңбай ұтылып,  
Ойбайлады.

Ойбайлаған  
Омбайға  
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,  
Үйіпа-түйіпа,  
Салдыр-салақ,  
Бұл кім?  
Кеп тұр куәкім.

Жып-жынақы,  
Тап-таза,

Түп-тузу.  
Бұл кім?  
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам  
Банан берді.  
Бананды маған бермей,  
Оған берді.  
Оған бермесе,  
Ойбайлап дау іздейді.  
Бананың қазақшасын  
«Мауі» дейді.

Табатымнан  
Тік тұрдым.  
Ботқаны отқа қойып  
Бұқтырдым.  
Бұқтырып қойған ботқам  
Бытбырық бол,  
Түбі күйді.  
Әйгерге түсіп  
Әрі-бері жүрді де,  
Дәрігерге  
«Дәрі бер!» деді.  
Дәрігер дәрі беріп,  
Бәрін емдеді.



25 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



## ӨНЕР ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРАСЫМ

Астанада қазақстандағы ресей федерациясының мәдениет күндерінің ашылу салтанатына орай ауқымды гала-концерт өтті. Іс-шараға мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ресей федерациясы мәдениет министрінің орынбасары Андрей Малышев, екі елдің дипломатиялық корпусы мен шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

### Айсұлу СЪЕЗХАН

Гала-концерт бағдарламасында бүкілресейлік және халықаралық байқаулардың лауреаты Софья Онопоченконың, башқұрттың Ау Yoла фолк-тобының, «Саха (Якутия) Республикасының мәдениет саласының үздігі» құрметті атағының иегері Олена Утайдың концерттік нөмірлері болды, сонымен қатар өзге де әлемдік деңгейдегі өнерпаздардың хореографиялық, аспаптық және вокалдык-аспаптық нөмірі көрермен назаарына ұсынылды. Қалмақтың халық музыкасы мен буряттың халық әндері де осы кеште шырқалды. Іс-шарада Мәскеу мемлекеттік академиялық «Гель» би театры, Дағыстанның еңбек сіңірген академиялық «Лезгинка» би ансамблі және Қалмакия мемлекеттік «Ойраты» би театры өнер көрсетті.

Қазақстандағы Ресей Федерациясының мәдениет күндерінің бағдарламасы – көршілес екі елдің мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бағытталған мазмұнды да маңызды іс-шараның бірі.

– Бұл мәдениет күндері – екі ел арасындағы рухани байланысты одан әрі нығайтатын маңызды алаң. Бүгінгі концерт – мәдени достық пен жылдар бойы сақталған дәстүрдің әдемі көрінісі десек болады. Ресейлік әріптестерімізге алғысымыз зор, – дейді «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының директоры Александр Совостьянов.



Бағдарлама аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Мәдени дәстүрлерді біріктіру және заманауи шығармашылық тәжірибелер: Қазақстан мен Ресейдің мәдени ынтымақтастығы» атты дөңгелек үстел өтіп, жиында жана бірлескен жобалар да талқыланды.

Бұл орайда Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынаста мәдени ынтымақтастықтың айрықша маңызға ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, тараптар бірлескен көрмелер ұйымдастырып, кино-фестивальдер өткізіп, өнер ұжымдарының гастрольдерін жолға қойып

келеді, сонымен қатар мәдени-гуманитарлық саладағы өзара іс-қимылдың жана тетіктерін бірлесіп іздестіріп отыр.

– Кездесулеріміздің дәстүрлі сипат алып келе жатқаны өте маңызды. Осыдан бір жыл бұрын да осындай дөңгелек үстелде бас қосып, ынтымақтастықтың келешегін талқылаған едік. Бүгінде мәдениет саласының іс жүзіндегі барлық бағыты бойынша нақты нәтижелер туралы нық сеніммен айтуға толық негіз бар. Бұл музей және архив ісінен бастап, театрлар мен концерттік ұйымдар арасындағы байланыстарға дейінгі кең ауқымды камтиды. Мұның бәрі осындай диалогтың нақты нәтиже беретінін әрі мәдени-гуманитарлық байланыстарымызды мазмұндық тұрғыдан байытып, кеңейтуге жол ашатынын көрсетеді. Бүгінгі кездесу де өзара ұстанымдарды тағы бір пысықтап, жана бастамалар ұсынуға және бірлескен іс-шаралар аясын кеңейтуге мүмкіндік береді, – деді Аида Балаева.

Бұдан бөлек, елордада Қазақстандағы Ресей киносының фестивалі басталды. Фестиваль көрсетілімдері 26 сәуірге дейін жалғаспақ. Бағдарламаның ең басты оқиғасы Ресей өнерпаздарының гала-концерті болғаны анық.

– Бүгінгі концерттік бағдарлама арқылы адамзаттың достыққа деген шынайы көзқарасын жеткізіміз келді. Ұлттық бағыттағы өнер ұжымдары бар өнерін көрсетіп, көрерменге ерекше ықылас сыйлады. Ежелден көрші қос елдің достығын әуезді ән, мың бұралған би арқылы жеткізуге тырысты, – деді Мәскеу Мемлекеттік академиялық «Гель» би театрының директоры Марина Кукина.

Осыдан алты ай бұрын Ресейде Қазақстанның мәдениет күндері жоғары деңгейде өткен. Бағдарлама аясында көрермендер Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің қорынан жасалған «Қазақстан өнерінің жауһарлары» көрмесімен танысып, Қазақстан киносы күндеріне қатысып, сонымен қатар «Парасат майданы» спектаклін тамашалап үлгерді. Мемлекет басшыларының қатысуымен өткен айтулы іс-шара айрықша әсер қалдырған еді. Бұл екі ел арасындағы мәдени әріптестіктің нақты көрінісі бола білді. Ал Астанада басталған мәдени күндер – сол достықтың жана белесі іспетті.

## АБАЙ МҰРАСЫ АРҚАУ БОЛҒАН КІТАП

Шәкәрім университетінде жас ұрпақтың қаржылық сауатын ұлттық құндылықтармен ұштастыруға арналған маңызды еңбек – «Балаңның бойындағы қаржылық алыпты оят: Абай ілімі арқылы» кітабының тұсаукесері өтті. Авторы – танымал экономист, қауымдастырылған профессор Бауыржан Ысқақов.



Мемлекет басшысы өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абай Құнанбайұлы мұрасының ұлттық даму үдерісіндегі ерекше рөлін атап өткен болатын. Осы тұрғыда Абай шығармаларындағы рухани-адамгершілік қағидалар қазіргі қоғам үшін өзектілігін жоғалтпайды және тұлғаның жан-жақты дамуына негіз болады. Абайдың кара сөздерінде көрініс тапқан еңбеккерлік, білімге ұмтылу, жауапкершілік және өзін-өзі жетілдіру идеялары жас ұрпақтың қаржылық мінез-құлқын қалыптастыруда маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Абай мұрасындағы тағылымды ойларды бүгінгі заман талаптарымен шебер ұштастырған Бауыржан Ысқақовтың ұғым еңбегі қаржылық сауаттылықты тек экономикалық ұғым ретінде емес, тәрбиелік және философиялық мазмұны терең кешенді туынды ретінде дараланады.

Кітап мазмұнында жеке қаржыны жоспарлау, жинақ жасау дағдыларын дамыту, инвестиция негіздерін таныстыру және қаражатты тиімді басқару қағидалары секілді маңызды бағыттар жан-жақты қамтылған.

Сонымен қатар еңбекте практикалық кейстер мен тапсырмалар арқылы қаржылық ойлау қабілетін дамытуға ерекше мән берілген. Кітаптың тағы бір маңызды қыры – ата-аналарға арналған бөлімдердің болуы. Онда отбасылық бюджет құру, балалармен бірлесіп қаржылық мақсаттарды айқындау және ойын элементтері арқылы қаржылық тәрбие беру әдістері ұсынылған. «Балаңның бойындағы қаржылық алыпты оят: Абай ілімі арқылы» кітабының басты мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің қаржылық сауаттылығын қалыптастыру ісіне Абай ілімінің тағылымдық қуатын енгізу. Еңбекте қаржы өлеміне қатысты негізгі ұғымдар қарапайым да түсінікті



тілмен баяндалып, ұлы ойшылдың терең философиялық пайымдарымен үндестіріледі.

Тұсаукесер рәсіміне Шәкәрім университетінің басқарма төрағасы – ректор Думан Орынбеков, Alikhan Vokeikhanov University ректоры Александр Койчубаев, автордың ұстазы Қайнарбек Матеев және Абай облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжігіт Омархан қатысып, ізгі лебіздерін білдірді. Автордың ғылыми-оқытушылық қызметінің нәтижесінде алдағы уақытта да қоғам үшін маңызы зор, мазмұнды еңбектер жарық көретініне сенімдіміз.

Ә.МҰХАНБЕТ

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

Аймақтағы тілшілер:  
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтыннай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютерлі орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4732

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,